I СЕССИЯ VIII САЙЛАНЫМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

(2023 жылғы 29 наурыз – 30 маусым)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 4

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметінің қысқаша қорытындылары 9

II. Сегізінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиядағы заң шығарушылық қызметі 14

Сегізінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында қабылданған заңдардың тізбесі 14

III. Сенатта заң жобаларын қарау қорытындылары туралы 18

3.1. Сенаттың тұрақты комитеттері бойынша заң жобалары туралы ақпарат 20

3.1.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 20

3.1.2. Қаржы және бюджет комитеті 28

3.1.3. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті ... 30

3.1.4. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 32

3.1.5. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 35

3.1.6. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 41

IV. Сенат комитеттері өткізген іс-шаралар 43

V. Сенаттың іс-шараларында қабылданған ұсынымдар 60

VI. Сенаттың халықаралық ынтымақтастығы 91

VII. Ақпараттық жария етілуі 95

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасы Парламентінің VIII сайланымының I сессиясын аша отырып, өз сөзінде **Парламенттің одан арғы міндеттерін пайымдауды ұсынды және мемлекеттің негізгі басымдықтарын айқындады**.

Ел Президенті Парламент пен Үкіметті бірге үйлесімді және тиімді жұмыс істеуге, мемлекет пен қоғамның мүдделерін басшылыққа алуға шақырды. Маңызды міндеттер ретінде Мемлекет басшысы іскерлік белсенділікті ынталандыруды, өңдеуші секторды, инфрақұрылымды дамытуды, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, адами капиталдың сапасын арттыруды, азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын қолдауды, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайтуды, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлау сапасын арттыруды айқындады.

Жалпы, VIII сайланымның I сессиясы барысында Парламент **25 заңнамалық** акті қабылдады. Депутаттық бастама шеңберінде **10** заң әзірленіп, қабылданды. Үкіметке және басқа да мемлекеттік органдарға **54 депутаттық сауал** жолданды, онда азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелер көтерілді.

Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де заңсыз сатып алынған активтерді қайтару тетігін қалыптастыру, сондай-ақ оларды заңсыз сатып алуға және шығаруға ықпал еткен жағдайларды жою мақсатында **«Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы»** заң қабылданды.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданған **«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Конституциялық заң активтерді қайтару саласында прокуратура органдарының арнайы ведомствосын құруды көздейді.

«Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң қабылданды, ол онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің, сондай-ақ онлайн-жарнаманы өндірудің, орналастырудың, таратудың және сақтаудың, заңсыз контентті таратудың алдын алудың және жолын кесудің құқықтық негіздерін айқындайды.

Бұрынғы Семей ядролық полигонының (ССП) және оған іргелес жерлердің аумағында радиациялық және экологиялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету, бұрынғы ССП жерлерін пайдалану, аумақты оңалту, елдің ғылыми әлеуетін дамыту, Қазақстанның ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану мәселелеріндегі ұстанымын нығайту мәселелерінде мемлекеттік бақылауды күшейту үшін **«Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы»** заң қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда өнім беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын мемлекеттік реттеу белгіленді, сұйытылған мұнай газын ішкі нарыққа жеткізу тетігі жетілдірілді, уәкілетті органдардың құзыреттері кеңейтілді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жетілдіру жөніндегі және басқа да нормалар көзделген.

Парламент Сенатының депутаттары **Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы** есептерін қарады. Сенаторлар экономиканың өсуіне және азаматтардың әл-ауқатына теріс әсер ететін бірқатар маңызды және жүйелі проблемаларды белгілеп, бюджеттік тәртіпті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізді.

Сессия аясында сенаторлар **ел азаматтарын толғандыратын өзекті проблемалық мәселелерді** қарастырды.

29 мамырда **«Қазақстанның инвестициялық ахуалы және инвестициялық тартымдылығы»** тақырыбында үкімет сағаты өтті. Іс - шара барысында АЭА-ға инвестициялар тартуға кедергі келтіретін проблемалар қаралды – бұл инфрақұрылымның аяқталмауы, білікті кадрлардың тапшылығы, АЭА жұмыс істеу мерзімдерін аяқтау кезеңінде инвесторлар үшін өтелудің қолайсыз мерзімдері және басқалар.

16 маусымда **«Агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру және импортты алмастыру жағдайында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу мәселелері»** тақырыбында **үкімет сағаты** өтті. Іс-шара барысында оң үрдістер мен мемлекеттік қолдаудың қабылданған шараларына қарамастан, жалпы өндіріс көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесі әлі де төмен болып отырғаны атап өтілді. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себептерінің бірі өндірістің ұсақ тауарлық сипаты, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және ілгерілету жүйесінің дамымауы, нарықта жалған арзан өнімнің болуы болып табылады.

Сенат жұмысында маңызды болып табылатын ел Президенті белгілеген маңызды бағыт – **өңірлердің дамуына жәрдемдесу**. Осыған сәйкес VIII сайланымның I сессиясы шеңберінде **«Өңір» депутаттық тобының құрамы жаңартылып, жұмысы жандандырылды, Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес қайта ұйымдастырылды**, оған мәслихаттардың барлық төрағалары кірді, Кеңестің мақсаттары мен міндеттері нақтыланды.

30 наурызда Сенат Төрағасының төрағалығымен **жаңартылған құрамдағы «Өңір» депутаттық тобының бірінші отырысы** өтті. Сенаторлар Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев VIII сайланған Парламенттің I сессиясының ашылуы барысында ел Парламенті мен Үкіметінің алдына қойған міндеттерін талқылады. Палата Төрағасы депутаттық топ жұмысының бірқатар негізгі бағыттарын атап өтті, оның ішінде «Өңір» сенаторлары өңірлерге белсенді барып, ауыл тұрғындарымен кездесіп, өңірлердің жүйелі проблемаларын анықтап, олардың оң шешілуіне ықпал етуі тиіс.

26 сәуірде **«Өңір» депутаттық тобының** сенаторлары **«Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы»** тақырыбында отырыс өткізді. Талқылау барысында депутаттар ауылдық аумақтарды дамыту, электр желілерін, сумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту және басқа да бірқатар өзекті мәселелерді көтерді.

24 мамырда **«Өңір» депутаттық тобы** «Атамекен» ҰКП басшылығымен кездесу өткізіп, онда **шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері** талқыланды. Кездесу барысында қатысушылар заңнамадағы олқылықтарды талқылады, сондай-ақ салық салу, мемлекеттік сатып алу, кедендік әкімшілендіру және туризм сияқты салалардағы жүйелі проблемаларды шешу жолдарын ұсынды.

23 мамырда Палата Спикері М.Әшімбаевтың төрағалығымен **Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің** отырысы өтті. Сенат пен мәслихат депутаттары Мемлекет басшысының тапсырмаларынан туындайтын міндеттерді талқылап, бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарын белгіледі. Отырыс барысында кездесуге қатысушылар мәслихаттарға әдістемелік көмек көрсету шеңберінде өңірлерден депутаттар үшін тұрақты семинарлар, тренингтер ұйымдастыру және тәжірибе алмасу мәселелерін қарады.

Палатаның өңірлермен өзара іс-қимылын күшейту шеңберінде сессияда **жергілікті жерлерде 30-ға жуық көшпелі іс-шаралар**, оның ішінде Спикердің Алматы және Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді органдарының депутаттарымен кездесулері, комитеттердің көшпелі отырыстары және басқалар өткізілді. Маусым айында **Абай облысындағы өрттің салдарын жоюға және зардап шеккендерге көмек көрсетуге** жәрдемдесу мақсатында бірқатар сенаторлар өңірге жедел түрде барды.

Сондай-ақ, сессия барысында **дөңгелек үстелдер, комитеттердің тақырыптық отырыстары, мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың басшылығымен кездесулер** өткізілді. Бұл іс-шараларда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, адам

саудасына қарсы іс-қимыл, мемлекеттік органдардың қызметін бюрократизациялау, салық және бюджет саясаты, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы дақылдары егістері мен агросақтандыру, БАҚ, әскери қызметшілердің өмірі, авиатасымалдау, электр энергетикасы және т.б. мәселелері көтерілді.

Маусым айында Парламентте **«Бір ел - бір мүдде» депутаттық тобы** құрылды. Депутаттық топ құру туралы бастаманы ел Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында жариялады. 2023 жылғы 12 маусымда «Бір ел-бір мүдде» депутаттық тобының мүшелері - сенаторлар саяси партиялар мен мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесті. Кездесуге қатысушылар ҚХА қызметінің өзекті мәселелерін талқылады.

Парламент жұмысындағы маңызды жаңалық Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаев басқарған **Қазақстанның Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия** құру болды. Парламент Палаталарының әрқайсысынан комиссия құрамына 9 депутат кірді. Сондай-ақ, оның жұмысына Үкімет мүшелері, халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес сектор өкілдері, сарапшылар мен ғалымдар қатысады.

2023 жылғы 23 маусымда **Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның бірінші отырысы** өтті. Отырыс барысында Парламент Сенатының Спикері комиссияның міндеттеріне тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін республикалық бюджеттің параметрлерін қарау және бақылау, тиісті көрсеткіштерге мониторинг жүргізу әдістемесін жетілдіру қажеттілігі және басқа да міндеттер кіретінін атап өтті. Парламенттік комиссия туралы Ереже, сондай-ақ алдағы жылға арналған Жұмыс жоспары бекітілді.

Сенат жанындағы **диалог алаңдары** табысты жұмыс істеуде.

Жас сарапшылар клубы мен **Талдау мектебі** жас мамандарды мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қатысуымен заң жобалау жұмыстарына, салалық бағдарламаларды, өңірлерді дамыту мәселелерін талқылауға тартуға мүмкіндік береді.

I сессия аясында 19 мамырда Клубтың кезекті отырысы өтті, оның барысында жас сарапшылар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің қатысуымен **жаңа Әлеуметтік кодекс пен әлеуметтік-еңбек қатынастарының өзекті мәселелерін талқылады**.

25 мамырда **Қарағанды облысында Жас сарапшылар клубының бірінші өңірлік отырысы** өтті. Жас сарапшылар клубының мүшелері Сенаттың түрлі іс-шараларына қатысады, оның ішінде Палата қарайтын заң жобалары бойынша ұсыныстар енгізеді. Талдау мектебінің түлектері талдамалық баяндамалар дайындауға тартылады.

Сондай-ақ, Сенат жанында парламентшілерді, ұлттық зиялы қауым мен сарапшылар қауымдастығын біріктіретін **«Ұлттық мүдде» жаңа диалог алаңы** жұмыс істейді.

Сенат **қазақстандық ғалымдарға 1920-30 жылдардағы ашаршылық тақырыбын зерттеуге** жәрдем көрсетеді. Мамыр айында Палатаның қолдауымен «АШАРШЫЛЫҚ. ГОЛОД. 1928 – 1934. Документальная хроника» жинағының алтыншы және жетінші томдары жарық көрді.

Сенат жұмысының маңызды бағыттарының бірі Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуге, басқа елдермен өзара тиімді әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған **халықаралық ынтымақтастықты дамыту** болып табылады.

I сессия аясында Сенат депутаттары 60-тан астам халықаралық кездесулер мен іс-шараларға қатысты.

Сәуір айында **Сенат Төрағасының Ресей Федерациясына ресми сапары** өтті, қазақстандық делегация ТМД Парламентаралық Ассамблеясының іс-шараларына қатысты.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының Төрағасы ретінде Сенат Төрағасы маусым айында жұмыс сапары аясында Египетке барып, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша **Сұлтан Бейбарыс мешітінің ашылу** салтанатына және оның 800 жылдығына арналған ғылыми конференцияға қатысты. Сондай-ақ маусым айында Парламент Сенатының Спикері **Израильге ресми сапармен барды**.

Сенат депутаттары **бақылаушы ретінде** Түркия мен Өзбекстандағы **президенттік сайлаудың мониторингіне қатысты**.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылған жинақта Парламенттің VIII сайланымының I сессиясының басынан бастап (2023 жылғы 29 наурыз – 30 маусым) ҚР Парламенті Сенаты қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпарат ұсынылған.

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 29 наурыз – 30 маусым аралығында **3 Парламент Палаталарының бірлескен отырысы** өтті.

СЕНАТТЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Палата отырысын Сенат Төрағасы шақырады.

Отырыстың күн тәртібі Сенат Бюросында алдын ала қаралады және Палатаның отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

2023 жылғы 29 наурыз – 30 маусым аралығында **Сенаттың 12 отырысы** өткізілді.

БЮРОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Сенаттың Бюросы Сенат Төрағасының жанындағы Парламент Сенатының үйлестіруші органы болып табылады.

Сенат Бюросының отырыстарын Сенат Төрағасы шақырады.

2023 жылғы 28 наурыз – 30 маусым аралығында **Бюроның 10 отырысы** өткізілді.

ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

(2023 жылғы 29 наурыз – 30 маусым)

Тұрақты комитеттер өз құзыретінің мәселелері бойынша қызмет нысандары мен әдістерін таңдауға ерікті, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Бас комитет ретінде қаралған заңдар:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	10
Қаржы және бюджет комитеті	2+ Есеп
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	2

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	3
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	6
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	2
Барлығы:	**25 + Есеп**

Заңдар бойынша Комитет отырыстары
(оның ішінде кеңейтілген отырыстары)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	17(9)
Қаржы және бюджет комитеті	19 (4)
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	9 (2)
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	12 (4)
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	13 (3)
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	9(2)
Барлығы:	**79 (25)**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР

(2023 жылғы 29 наурыз – 30 маусым)

Депутаттық сауал Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырысында Сенат депутатының мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына депутаттық сауал салынған Парламент Палаталарының тиісті отырысында сол органның немесе лауазымды адамның құзыретіне жататын мәселелер бойынша негізді түсінік беруін немесе көзқарасын баяндауын ресми талап етуі болып табылады.

Сенат депутаты Премьер-Министр мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банктің Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына және мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне сауал салуға құқылы. Бұл орайда Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған салынған сауал қылмыстық қудалау міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты болмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сауал Палатаның жабық отырысында қаралады.

2023 жылғы 29 наурыз - 29 маусым кезеңінде Сенат депутаттары 54 сауал жолдады.

Депутаттық сауалдар жасалды:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне	39
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына	3
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасарына	10
Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына	* 1
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министріне	1
Барлығы:	**54**

АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНАТҚА КЕЛІП ТҮСКЕН ХАТ-ХАБАРЛАРЫ МЕН ӨТІНІШТЕРІНЕ ШОЛУ

(2023 жылғы 29 наурыз – 15 маусым)

1. Сенатқа келіп түскен хат-хабарлар саны оның ішінде: қызметтік хат-хабар жеке және заңды тұлғалардың өтініштері өтініштерге жауап	4151 2269 1799 83
2. Жіберілген хат-хабардың саны оның ішінде: электронндық түрде е-Өтініш бойынша қағаз түрде	3389 1655 1208 526
3. Шығыс ішкі хат-хабарлар электрондық форматта (ЕҚАБЖ бойынша) қағаз тасығышта	690 583 107
Барлығы:	**8230**

Сенатқа келіп түскен өтініштер негізінен мыналарға қатысты болды:

құқық қорғау органдарының, соттардың және т.б мәселелері	517
қаржы, банк қызметі, несие мәселелері	55
заңдар және заң жобаларына ұсыныстар	72
әлеуметтік сипаттағы мәселелер (зейнетақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер беру, өтемақы мен жәрдемақы төлеу, оралмандар)	311

экономика, кәсіпкерлік мәселелері (сақтандыру, энергиямен, газбен қамтамасыз ету, теміржол, су және авиакөлік, тұрғын үй, үлескерлер, тұрғын үй салуға жер телімін бөлу мәселелері, т.б.)	112
лауазымды адамдардың заңсыз іс-қимылдары, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік органдардың әрекеті	57
денсаулық сақтау мәселесі	30
білім беру, мәдениет, мемлекеттік тіл мәселелері	61
тұрғын үй, тасымалдау және коммуникация мәселелері	75
ауыл шаруашылығы, жер, халық тұрмысы, тұрғын-жай мәселелері	49
қоршаған ортаны қорғау экология мәселелері	20
ақпараттандыру, цифрландыру байланыстары, БАҚ мәселелері	8
басқа мәселелер (жеке қабылдау, кездесулер, қызметтер, т.б.)	432
Барлығы:	**1799**

Өтініштердің басым көпшілігі келіп түскен депутаттар:

Өтініштердің басым көпшілігі Сенат Төрағасының атына – 591, Е.А. Бөлгертке – 48, Л.М. Қалтаеваға – 37, А.Г. Толамисовке – 21, К.К. Тастакеевке – 19, А.С. Арғынбековаға – 14 түсті.

Сенат төрағасы атына	2243
В.В. Волков	73
Л.М. Қалтаева	40
Д.З. Әділбеков	36
Б.С. Орынбеков	25
Басқа депутаттарға	740
Барлығы:	**3157**

Өңірлер бойынша келіп түскен өтініштер саны:

Абай облысы	48
Ақмола облысы	85
Ақтөбе облысы	65
Алматы облысы	158
Атырау облысы	83
ШҚО	55
Жамбыл облысы	87

Жетісу облысы	66
БҚО	52
Қарағанды облысы	56
Қостанай облысы	83
Қызылорда облысы	59
Маңғыстау облысы	101
Павлодар облысы	53
СҚО	36
Түркістан облысы	93
Ұлытау облысы	65
Астана қаласы	239
Алматы қаласы	217
Шымкент қаласы	97
ТМД және алыс шет елдері	1
Барлығы:	**1799**

II. СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

(2023 жылғы 28 наурыз – 30 маусым)

1	Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	25
2	Палаталардың бірлескен отырысында қабылданған заңдар	1
3	Мәжіліс қабылдағаннан кейін Сенат мақұлдаған заңдар	24
4	Конституциялық заңдар	1
5	Дербес заңдар	4
6	Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар	9
7	Ратификациялау туралы заңдар	11
8	Депутаттар бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	10
9	Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	15

СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢ

1	«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ДЕРБЕС ЗАҢДАР

1	Кәсіптік біліктілік туралы.
2	Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы.
3	Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы.
4	Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
5	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
6	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы.
7	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
8	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
9	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында оның болу шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы.
2	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы.

3	1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
4	Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетті орындауды қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы.
5	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы.
6	Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы.
7	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы.
8	Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы.
9	2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
10	1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы.
11	ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы.

ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР

1	«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».
2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4	Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы.
5	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. иемденілген
6	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
7	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы.
8	Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы.
9	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
10	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

III. СЕНАТТА ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН ҚАРАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

2023 жылғы 29 наурыз бен 30 маусым аралығында **25** заңнамалық актілер қаралып, қабылданды. Оның ішінде:

конституциялық заңдар – **1**;

дербес заңдар – **4**;

қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу – **9**;

халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға бағытталған заңдар – **11**.

Парламент Сенатының 2023 жылғы 29 наурыз бен 30 маусым аралығындағы заңшығарушылық қызметі туралы ақпарат



Парламент Сенатында тиісті заң жобаларын қарау жөніндегі бас комитет ретінде:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 10 заң жобасын;

Қаржы және бюджет комитеті – 2 заң жобасын;

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 2 заң жобасын;

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 3 заң жобасын;

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 6 заң жобасын;

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 2 заң жобасын.

Парламент Сенаты комитеттерінің заң жобаларын қарастыру бойынша жұмысы



3.1. СЕНАТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ БОЙЫНША ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

3.1.1. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІ

1. «1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Н.Бекназаров.

Заңның мақсаты 1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін құзыретті мекемелерді, соның ішінде Шартты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау мәселелеріне қатысты оның бірқатар баптарына өзгерістер енгізу, Шарттың мәтінінде пайдаланылатын ұғымдарды нақтылау, Тараптардың заңнамаларын ескере отырып, өзге де түзетулер енгізу арқылы жетілдіру болып табылады.

Заңның міндеті 1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2022 жылғы 26 мамырда Бішкекте жасалған хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялау болып табылады.

Шарт құқықтық қатынастар, өзара және егемендікті құрметтеу негізінде азаматтық және қылмыстық істер бойынша бір-біріне құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

Заңнан күтілетін нәтижелер әр Тараптың жеке және заңды тұлғаларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту болып табылады.

Заңды қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Заң 2023 жылы 27 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

2. «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Толамисов.

Заңның міндеті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады, оған сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге ережелерді белгілейтін халықаралық шарттар ратификациялануға жатады.

Келісімге 2021 жылғы 12 қарашада ТМД үкіметтері басшылары кеңесінің отырысында:

- ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде, оның ішінде интернет-ресурстарда авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану мәселелерін реттеу;

- авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдаланудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен іске асыру;

- уәкілетті (құзыретті) органдардың құқық иеленушілермен ынтымақтастығын тереңдету;

- уәкілетті (құзыретті) органдар арасында авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында ақпарат алмасу;

- осы тақырып бойынша оқу, әдістемелік және арнайы әдебиеттермен, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен тұрақты негізде алмасуды қамтамасыз ету;

- авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды сақтау саласындағы ынтымақтастықты тереңдету мақсатында қол қойылды.

Келісім Тараптарының өзара іс-қимылын үйлестіру ТМД шеңберіндегі Зияткерлік меншікті құқықтық сақтау және қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңеске жүктеледі. Келісімді іске асыру жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз етуді Тараптар ұлттық бюджеттерде көзделетін қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырады.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтардың бұзылуына қарсы іс-қимылдың құқықтық тетіктерін жасау, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейту болып табылады.

Заң 2023 жылы 11 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Лукин.

Заңның міндеті 1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау (бұдан әрі – Келісім) болып табылады. Келісім «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес ратификациялауға жатады, оған сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге ережелерді белгілейтін халықаралық шарттар ратификациялауға жатады.

Келісімге 2022 жылғы 14 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында Католик Шіркеуінің шетелден келген мүшелеріне Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсат беру мәселелерін реттеу мақсатында қол қойылды.

Рұқсатты ресімдеу кезіндегі ерекшелік төлем қабілеттілігін және тұратын жерін растауды алып тастау болып табылады, ол Католик Шіркеуінің құзыретті органының жазбаша міндеттемелерімен ауыстырылады.

Заң 2023 жылы 1 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Қ.Тастекеев.

Заңның міндеті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау (бұдан әрі – Келісім) болып табылады. Келісім «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес ратификациялауға жатады, оған сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге ережелерді белгілейтін халықаралық шарттар ратификациялауға жатады.

Келісімге 2021 жылғы 28 мамырда ТМД Үкімет басшылары Кеңесінің отырысында мынадай:

- жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштері бар тауарларды өндіру мен өткізудің анықталған фактілері, осындай тауарларды экспорттау немесе импорттау әрекеттері туралы ақпарат алмасу;

- өнеркәсіптік меншік саласында бірлескен ғылыми зерттеулер, семинарлар мен конференциялар өткізу;

- тиісті әдістемелік және арнайы әдебиеттермен алмасу;

- зияткерлік меншік құқықтарын күзету және қорғау саласында кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

- жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштері бар тауарларды өндіру мен өткізудің, оның ішінде оларды экспорттаудың немесе импорттаудың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және алдын алу жөніндегі іс-шараларды бірлесіп жоспарлау және жүзеге асыру мақсатында қол қойылды.

Келісімнің ережелерін оған қатысушылардың іске асыруы жөніндегі өзара іс-қимылды үйлестіру ТМД салалық ынтымақтастық органы – Зияткерлік меншікті құқықтық күзету және қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңеске жүктелген.

Заңды қабылдау ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарының жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштері бар тауарларды өндіруді және өткізуді бірлесіп алдын алуына, анықтауына және жолын кесуіне, сондай-ақ мұндай тауарлардың ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы өтуіне қарсы іс-қимыл жасауына мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 8 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Е.Больгерт.

Заңға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру мақсатында бастамашылық жасады.

Заңның міндеті қолданыстағы құқықтық олқылықты жою және шағын электр көлігі құралдарын, сондай-ақ электр самокаттарын пайдалану мәселелерін заңнамалық реттеуді енгізу.

Бұдан басқа, заңмен көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, жүргізуші куәліктерін және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін дайындауға мемлекеттік монополия енгізіледі.

Заңда «Жол жүрісі туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Заңға сәйкес:

1) «шағын электр көлігі құралы» ұғымы енгізіледі, онда оның техникалық сипаттамалары көрсетіледі және пайдалану тәртібі құқықтық регламенттеледі және жүргізушілер үшін тыйым салулардың тізбесі белгіленеді;

2) «электр самокат» ұғымы енгізіледі, ол ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына 25 километрден аспайтын көлік құралы деп танылады және олардың қозғалысы үшін орындар айқындалады, сондай-ақ олардың жүргізушілеріне тыйым салулар енгізіледі. Заңмен енгізілетін шарттар мен тыйымдарды сақтай отырып, жолдың жүріс

бөлігінің оң жақ шеті бойынша электр самокаттардың жүруіне жол беріледі. Атап айтқанда, бұл 18 жасқа толу, кез келген санаттағы көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігінің болуы, түймеленген дулығаның болуы, ал тәуліктің қараңғы уақытында қозғалу кезінде – басқа көлік құралдарының жүргізушілеріне көрінуін қамтамасыз ететін жарық шағылыстыратын заттың болуы. Тротуар немесе жаяу жүргіншілер жолы бойынша электр самокаттардың сағатына 6 км аспайтын жылдамдықпен жүруіне жол беріледі;

3) шағын электр көлік құралы мен электр самокат жүргізушілерінің құқықтары мен міндеттері белгіленеді.

Бұдан басқа, басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген көлік құралдарының «Жол жүрісі туралы» Заңда көзделген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін ішкі істер органдары қызметкерлерінің көлік құралдарын тоқтатуының негіздерін белгілейтін түзетулер енгізілді.

Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, жүргізуші куәліктерін және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін дайындау саласында мемлекеттік монополия енгізіледі. Осы қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығы ҚР ІІМ жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға беріледі.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заң көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының қызметін бастау немесе тоқтату туралы хабарламаның жаңа түрімен толықтырылады.

Заңның қабылдануынан күтілетін нәтижелер электр самокаттары мен шағын электр көлігі құралдарын пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Заң 2023 жылы 22 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

2023 жылғы 15 маусымда Конституциялық заңның жобасы бойынша ҚР Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына ҚР Парламенті Сенатынан депутаттар А.Лукин, Н.Бекенов, М.Қадырбек сайланды, Сенаттан қосымша баяндамашы болып депутат А.Лукин белгіленді.

Конституциялық заң ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №3 «Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау үшін әзірленді.

Конституциялық заңның қабылдануы мынадай оң әлеуметтік-экономикалық салдарларға ие болады: қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, заңсыз сатып алынған және шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жолымен Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру, активтерді ерікті түрде қайтаруды ынталандыру, активтерді заңсыз сатып алуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою.

Мемлекетке қайтарылған активтерді жинақтау және басқару мәселелері бойынша арнайы мемлекеттік қор құрылатын болады. Бұл қайтарылған активтерді Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға бағыттауға және осы процесте ашықтық пен тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

7. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Лукин.

Заңның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де заңсыз иемденілген активтерді қайтару үшін заңнамалық параметрлерді айқындау, сондай-ақ оларды заңсыз иемденуге және шығаруға ықпал еткен жағдайларды жою болып табылады.

Заңның міндеттері активтерді шығару саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру; активтерді қайтару жөніндегі халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты дамыту; мемлекеттік саясатты қалыптастыру және қайтарылған қаражатты қоғамның игілігі үшін тиімді пайдалану; экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына, активтерді заңсыз шығаруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау және олардың салдарын жою болып табылады.

Заң мынадай негізгі ережелерді қарастырады:

- Заңмен реттелетін құқықтық қатынастар субъектілерін анықтау;
- заңсыз иемденілген активтерді ашу, пайда болуын растау және қайтару тетіктерін регламенттеу;
- заңсыз иемденілген активтерді қайтару рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- оның өкілеттіктерін айқындай отырып, заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселелері бойынша комиссия құру;
- заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке ерікті түрде беруді ынталандыру;
- активтерді заңсыз иемденуге және шығаруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған жүйелі шаралар қабылдау;
- өз өкілеттіктерін айқындай отырып, заңсыз шығарылған активтерді қайтару мәселелері жөніндегі уәкілетті органды құру;
- өкілеттіктерін айқындай отырып активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органды құру;
- қайтарылған активтерді шоғырландыру және Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік және экономикалық жобаларды қаржыландыру үшін арнаулы мемлекеттік қор мен басқарушы компанияны құру.

Ерікті қайтару адамдардың өздеріне тиесілі мүлікті мемлекетке

ерікті түрде қайтару туралы келісімдер жасасу арқылы (яғни арнаулы мемлекеттік қорға) өтеусіз беруі жолымен жүзеге асырылады.

Соттардың шешімдері негізінде активтер пайда болуы түсініксіз шыққан активтер ретінде танылған жағдайда (жиынтық мөлшері айлық есептік көрсеткіштің он үш миллион еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын), азаматтық процесс шеңберінде заңсыз иемденілген активтерді мәжбүрлі түрде қайтару.

Заңды мақұлдаудан күтілетін нәтижелер: қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру; заңсыз иемденілген және шығарылған активтерді мемлекетке қайтару арқылы Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру; активтерді ерікті түрде қайтаруды ынталандыру; активтерді заңсыз сатып алуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Лукин.

Заңның негізгі мақсаты заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелерінде ұлттық заңнаманы жетілдіру және озық халықаралық стандарттар негізінде осы саладағы қылмыстарды ашудың жаңа тетіктерін енгізу арқылы мемлекеттік қаражатты ұрлауға, жасыруға, жылыстатуға қарсы іс-қимыл жасаудың және шығарылған активтерді қайтарудың тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Заңның негізгі міндеттері негізсіз баюды бақылау шараларын іске асыру арқылы сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін заңнамалық олқылықтарды жою, сондай-ақ заңсыз иемденілген және шығарылған активтердің сақталуын, басқарылуын, өткізілуін және мемлекетке қайтарылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның қабылдануы мыналарды:

- активтерді заңсыз иемденуге және шығаруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюды;
- тергеп-тексеру, жауапкершілікке тарту және заңсыз ие мденілген және шығарылған активтерді мемлекетке қайтару шараларын күшейтуді;
- мемлекеттік активтерді басқару процесінде ашықтық пен тиімділікке қол жеткізуді;
- елдегі сыбайлас жемқорлықты төмендетуді және халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

9. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Лукин.

Заңға Парламент депутаттары «Заңсыз иемденілген активтерді

мемлекетке қайтару туралы» Заңды іске асыру мақсатында бастамашылық жасады.

Заңның міндеті қылмыстық жолмен алынған кірістерді алуға байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Енгізілетін түзетулер:

- заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеуге;

- Мемлекеттік кірістер комитетіне ӘҚтК-тің 251-бабы (репатриацияны бұзу) бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде хаттама толтыру өкілеттігін беруге;

- ұлттық және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талаптарын орындамағаны үшін айыппұлдың ең үлкен мөлшерінің шекті мәнінің сомасын алып тастауға;

- Мемлекеттік кірістер комитетіне экспорттаушылардың немесе импорттаушылардың ұлттық және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талаптарын сақтауы бөлігінде валюталық бақылау функцияларын беруге бағытталған.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

10. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Лукин.

Заңға Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы «Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының тапсырмасын орындау мақсатында бастамашылық жасады.

Заңның мақсаты Салық кодексін «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңның нормаларына сәйкес келтіру болып табылады.

Заңның міндеті – салық органдарының активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органмен міндетті өзара іс-қимыл тәртібін айқындау.

Мәселен, Заңда салық органдарының активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмай ұсыну міндеті көзделеді.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

3.1.2. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

1. «Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Мәкежанов.

Заңда 2022 жылғы 19 сәуірде Мәскеуде қол қойылған Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау көзделеді.

Келісім кедендік транзит кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етудің неғұрлым тартымды жүйесін құруға бағытталған. Атап айтқанда, келісім:

1) транзиттік тасымалдарды жасау кезінде кедендік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды бас қамтамасыз етумен жұмыс тәжірибесі бар және белгіленген өлшемдерге сай келетін декларанттар үшін оңайлатуларды қолдану мүмкіндігін көздейді. Мұндай декларанттар бірнеше транзиттік декларациялар бойынша тасымалданатын тауарларға қатысты кеден баждарының, осындай тауарларға қатысты төленуге жататын салықтардың сомасынан аз мөлшерде (20%-ға) қамтамасыз етуді ұсына алады;

2) келісімге сәйкес Ұлттық кепілгерлер деп танылған кепілгерлер үшін оңайлатуларды қолдану мүмкіндігін көздейді. Аталған тұлғалар белгілі бір шарттар сақталған кезде қаржылық кепілдік мөлшерінің 10%-дан 100%-на дейін оңайлатуды қолдана алады.

Келісімді ратификациялау ЕАЭО-ның транзиттік әлеуетін дамытуға ықпал етеді, транзиттік тасымалдарды жасау кезінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың шығындарын азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ бизнеске «Кепілгерлік» институтын дамытуға және қалыптастыруға қатысуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде тауарларды тасымалдау кезінде тасымалдаушылар үшін жағдайларды жақсартады.

Заң 2023 жылы 4 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Карплюк.

Заңның мақсаты. Басқа мүше мемлекеттердің резиденттерін кредиттеу туралы шешімдер қабылдау

кезінде кредиттік тәуекелдерді дұрыс бағалау үшін ЕАЭО аумағында орналасқан кредиттік ұйымдарға кредиттік ақпаратқа өзара қол жеткізуді қамтамасыз ету есебінен ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығында трансшекаралық кредиттеуді дамытуға жағдайлар жасау.

Заңның міндеттері. Келісім кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тетігін, тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ трансшекаралық алмасуға жататын ақпараттың ең аз тізбесін белгілейді. Бұдан басқа, Келісім кредиттік қатынастарды ресімдеу кезінде қаржылық қызметтерді тұтынушылар мен жеткізушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі қағидаттарын, мүше мемлекеттердің қаржы нарығын реттейтін органдардың өкілеттіктерін айқындайды.

Күтілетін нәтижелер. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау ЕАЭО шеңберінде трансшекаралық кредиттеуді дамытуға ықпал ететін болады, бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасына жағымды әсер етеді.

Заң 2023 жылы 18 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

3.1.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында оның болу шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Г.Шиповских.

Заңның мақсаты 2022 жылғы 17 маусымда Нұр-Сұлтанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында оның болу шарттары туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Келісім Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықтың (бұдан әрі – Орталық) Қазақстан Республикасының аумағында болуы және жұмыс істеуі мәселелерін реттейді.

Келісімнің 3-бабына сәйкес Орталық заңды тұлға мәртебесіне ие және осы тұрғыда 2013 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықты құру туралы келісімге және басқа да актілерге сәйкес құқықтарды пайдаланады және өз функцияларын орындайды.

Келісімге сәйкес Орталықтың мүлкі мен активтері әкімшілік араласудың немесе соттың араласуының кез келген нысанынан иммунитетті пайдаланады. Бұдан басқа, Орталықтың үй-жайлары мен көлік құралдары, сондай-ақ оның архивтері мен құжаттары, оның ішінде қызметтік хат-хабарлары қай жерде тұрғанына қарамастан тінтілуге, реквизициялануға, тәркіленуге және Орталықтың қызметіне кедергі келтіретін кез келген басқа араласу нысанына жатпайды.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже өзінің мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін Орталыққа Қазақстан Республикасының аумағында қажетті жағдайларды одан әрі қамтамасыз ету болады.

Заң 2023 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Сатвалдиев.

Заңның мақсаты 2021 жылғы 25 қазанда Ашғабат қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікмен мемлекеттік шекарасының

режимі туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) ратификациялау болып табылады.

Заң мемлекеттік шекарада Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы қатынастардың құқықтық негізін белгілеуге және реттеуге бағытталған.

Келісімде Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимін белгілеу және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін одан әрі нығайту көзделеді.

Келісімнің нормаларына сәйкес Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі шекарада және шекара маңы белдеулерінде әрекет ететін қағидаларда айқындалады, ол мынадай:

Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын күтіп-ұстау;

адамдардың, көлік құралдарының Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі және ол арқылы жүктерді және өзге де мүлікті өткізу;

Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және өзге де мүлікті өткізу;

Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасы мен шекара белдеулерінің үстінен ұшуларды жүзеге асыру;

Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасында, шекаралық белдеулерде, сондай-ақ шекаралық сулар шегінде шаруашылық, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру немесе өзге де қызметті жүргізу, қоғамдық-саяси, мәдени және өзге де іс-шараларды өткізу (оның ішінде оларды пайдалану);

шекаралық оқыс оқиғаларды шешу тәртібін қамтиды.

Келісім мерзімсіз болып табылады және тараптардың біреуі дипломатиялық арналар арқылы екінші тарапқа оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар еткенге дейін қолданылады.

Заң 2023 жылы 20 сәуірде Сенат отырысында мақұлданды.

3.1.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ

1. «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ш.Бұқтұғұтов.

Заңда 2016 жылғы 26 қазанда Исламабад қаласында жасалған Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын (бұдан әрі – ОИ) толық құқықтық субъектілігі бар үкіметаралық ұйым ретінде құру туралы келісімді ратификациялау көзделеді, оған Келісімге сәйкес өзі қол қоятын функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі.

Келісім:

- өңірлік ынтымақтастық процестеріне қатысу үшін ОИ-ға мүше елдер үкіметтерінің ресми тұлғаларының мүмкіндіктерін кеңейтуге, өңірлік ынтымақтастық жобаларын жоспарлау және іске асыру бөлігінде олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және саясатты ақпараттандыру тұрғысынан талдау үшін олардың біліктілік деңгейін арттыруға;

- бірлескен немесе ұжымдық жобаларды іске асыру және ғылыми зерттеулердің деректері мен нәтижелерін кеңінен тарату арқылы ОАӨЭЫ-да және ОИ-ға мүше елдер арасында ғылыми зерттеулердің тиімділігін қамтамасыз етуге;

- ОАӨЭЫ аймағында университеттерден, зерттеу орталықтарынан және даму институттарынан тұратын стратегиялық зерттеулер мен білім алмасудың ресурстық базасы ретінде ғылыми-зерттеу мекемелерінің желісін дамытуға бағытталған.

ОИ жұмыс істеуі шеңберінде елдерге қолданыстағы сын-қатерлерге ден қою және ынтымақтастық процестерін іске асыру мақсатында тәжірибе алмасуға негізделген инновациялық шешімдер ұсынылатын болады.

ОИ басқару құрылымы Басқарушы кеңестен, Консультативтік кеңестен, басшылықтан және персоналдан тұрады. Өз функцияларын тиімді орындау үшін ОИ Басқарушы кеңестің мақұлдауымен ОИ-ға мүше елдердің ерікті жарналары және басқа да қаражат есебінен қажетті қаржылық және басқа ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс. ОИ қарызға қаражат алмайды. ОИ бас кеңсесі Қытай Халық Республикасында орналасады және басқарушы Кеңес мақұлдаған кез келген ОИ-ға мүше елдерде филиалдар құра алады.

Қаралып отырған Заң шеңберінде Келісім мынадай ескертпемен ратификацияланатын болады: «Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, ОИ персоналының мүшелері өздеріне ОИ төлейтін айлықақылары мен сыйақыларына салық салудан босатылады».

Заң 2023 жылы 18 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Ә.Нәутиев.

Заң 2021 жылғы 19 қазанда Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің отырысында қол қойылған 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялауға бағытталған.

Хаттаманың негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес Келісімнің бірқатар баптарына редакциялық және заңдық сипаттағы өзгерістер енгізу болып табылады.

Хаттамада еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтардың (бұдан әрі – ЕЭА) аумағы Одақтың кедендік аумағының бір бөлігі, ал порт және логистикалық ЕЭА шегі – Одақтың кедендік шекарасы болып табылатын норма көзделеді.

Сонымен қатар, еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағы (барлық немесе оның бір бөлігі) аумағында осы ЕЭА құрылған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалады.

Хаттамаға сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағында Одақтың Кеден кодексіне сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) шетелдік тауарлар және Одақтың тауарлары да, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағында болуға тыйым салынған тауарларды қоспағанда, өзге де шетелдік тауарлар және Одақтың тауарлары орналастырылуы және (немесе) пайдаланылуы мүмкін.

Хаттама талаптары бойынша еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі Одақтың Кеден кодексіне сәйкес қолданылады.

Заң 2023 жылы 1 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат С.Алдашев.

Заңның негізгі мақсаты сұйытылған мұнай газының айналымын реттеу жөніндегі қолданыстағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заңмен Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Газ және газбен жабдықтау туралы», «Табиғи монополиялар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заңда газ өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның өзі айқындаған жағдайларда және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын белгілейтіні көзделеді.

Сондай-ақ Заңмен:

- газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың тізілімін жүргізу және өзінің интернет-ресурсында жариялау бөлігінде - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның;

- сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ оларды белгілеу қағидаларын келісу бөлігінде – табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның;

- уәкілетті органға сұйытылған мұнай газының айналымы туралы ақпарат беру бөлігінде мемлекеттік кірістер органының құзыреттері кеңейтіледі.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын:

- 2023 жылғы 1 шілдеден кейін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативтерінің, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің тұтыну кооперативтерінің, тұтыну кооперативтерінің қызметін сақтап қалу;

- табиғи монополиялар субъектісінің желілеріне қосылуға арналған техникалық шарттарды беру мерзімін ұлғайту және олардың қолданылу мерзіміне шектеу қою бөлігінде жетілдіру бойынша нормалар көзделген.

Заң 2023 жылы 22 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

3.1.5. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

1. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы»

Заңды жүргізген депутат Л.Қалтаева.

Заңның мақсаты 2006 жылғы 13 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы (бұдан әрі – Факультативтік хаттама) ратификациялау болып табылады.

Факультативтік хаттама Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) қосымша келісім болып табылады және оны іске асырудың тетіктерін белгілейді. Оның ережелері мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға және инклюзивтілік қағидатын іске асыруға бағытталған.

Конвенция мен Факультативтік хаттамаға Қазақстан 2008 жылы қол қойды. Конвенция Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы Заңымен ратификацияланды, алайда Факультативтік хаттама осы уақытқа дейін қажетті мемлекетішілік рәсімдерден өтпеген.

Факультативтік хаттаманы ратификациялау БҰҰ Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Конвенцияда кепілдік берілген құқықтарының бұзылуына мүгедектігі бар адамдардың хабарларын (шағымдарын) қабылдау және қарау құзыретін тануға мүмкіндік береді.

Факультативтік хаттаманың ережелеріне сәйкес, егер мемлекет ұсынатын барлық қорғау тетіктері пайдаланылмаса, Комитет жасырын, негізсіз не қайталанған жолданымдарды немесе шағымдарды қарай алмайды.

Бұл ретте Комитет жолданымдарды қарау кезінде қажетті ақпаратты алу үшін қатысушы мемлекетке жүгінуге, сондай-ақ мемлекеттің келісімі болған кезде шағымды қарау шеңберінде оның аумағына баруға құқылы.

Шағымды қараудың қорытындысы бойынша Комитет нәтижелерді, түсініктемелер мен ұсынымдарды тиісті қатысушы мемлекетке жібереді. Өз кезегінде, қатысушы мемлекет жарты жыл ішінде тергеу нәтижелеріне, Комитеттің түсініктемелері мен ұсынымдарына өз ескертулерін ұсынады және тергеуге жауап ретінде қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Факультативтік хаттамаға қосылуы мүгедектігі бар адамдарға өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын халықаралық қорғауға құқық береді.

Заң 2023 жылы 25 мамырда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Қапбарова.

Заңда онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу тәртібін белгілеу, онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің құқықтық режимін және онлайн-жарнамаға қойылатын талаптарды айқындау, онлайн-платформаларды пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін регламенттеу ұсынылады.

Заңның мақсаты онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің, сондай-ақ онлайн-жарнаманы жасаудың, орналастырудың, таратудың және сақтаудың, құқыққа қайшы контентті болғызбаудың және оның жолын кесудің құқықтық негіздерін айқындау болып табылады.

Заңның міндеттері: онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің ашықтығын қамтамасыз ету; ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; құқыққа қайшы контентке жол бермеу; балаларды онлайн-платформаларда олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде адамның және азаматтың дербес деректерін жинау және өңдеу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Заңмен онлайн-платформаларда жалған ақпаратты таратуға және орналастыруға тыйым салу, сондай-ақ онлайн-платформаның меншік иесіне оны жою бойынша талаптар енгізіледі.

Сонымен қатар заң мемлекеттік тілді онлайн-платформалардың интерфейсіне міндетті интеграциялауды және модерациялауды көздейді, бұл әлеуметтік желілердің алгоритмдеріне онлайн-платформалардағы құқыққа қайшы контентті және қазақ тіліндегі контентті модерациялауды қадағалауға мүмкіндік береді.

Онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) заңды өкілдері үшін адамның және азаматтың өміріне немесе қауіпсіздігіне қатер төндіретін құқыққа қайшы контент анықталған жағдайда құқық қорғау органдарын дереу хабардар ету, сондай-ақ уәкілетті органның нұсқамасы негізінде Қазақстан Республикасының аумағында құқыққа қайшы контентті, балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты орналастыратын және таратын аккаунттар қызметін тоқтата тұру міндеті енгізіледі.

Сонымен бірге заң онлайн-платформаларды пайдаланушылар үшін олардың парақшаларында орналастырылған онлайн-жарнаманы, оның ішінде мәтіндік, графикалық және өзге де белгілемелердің көмегімен таргеттелген онлайн-жарнаманы және демеушілік контентті сәйкестендіру және таңбалау міндеттемелерін белгілейді.

Заңды қабылдау азаматтардың ақпарат алу және тарату құқықтарын іске асыру үшін қауіпсіз интернет ортаны қалыптастыруға, онлайн-платформалар мен пайдаланушылар арасында тиімді кері байланыс орнатуға, Қазақстандағы онлайн-жарнаманы заңнамалық реттеуге, онлайн-платформалардағы экономикалық қызметтің ашықтығын арттыруға, мемлекеттік тілдегі интерфейсті дамытуды

ынталандыруға, отандық контент өндірушілерге қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Қапбарова.

Заң қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жекелеген заңнамалық актілерді негізгі «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді іске асыру Қылмыстық және Кәсіпкерлік кодекстерге, «Жарнама туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Білім туралы» және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына бір мезгілде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

«Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілетін толықтыру онлайн-жарнаманы сәйкестендіруге, таңбалауға және сақтауға байланысты онлайн-жарнаманы реттеу, әлеуметтік желілердің алгоритмдерімен ілгерілетілетін таргеттелген жарнаманы, сондай-ақ контенттің өзі арқылы таратылатын демеушілік контентті реттеу ерекшеліктерін «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгілеуді көздейді.

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік онлайн-платформа мен лездік хабар алмасу сервисінің қызметін регламенттейтін ұғымдар мен нормалар алып тасталады, олар негізгі «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ауыстырылды.

Заңды қабылдаудан күтілетін нәтиже Қазақстан аумағында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар мен онлайн-платформалар арасында туындайтын онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу үшін нормативтік құқықтық база құру болып табылады.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

4. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат А.Қапбарова.

Заң қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық

туралы кодексін негізгі «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

Заңда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін жалған ақпаратты орналастыратын немесе тарататын онлайн-платформаларды пайдаланушылар мен инфлюенсерлердің (блогерлердің) әкімшілік жауаптылығын белгілеген жаңа 456-2-баппен толықтыру көзделеді.

Атап айтқанда, онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қоғамдық тәртіптің, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуына жағдай жасайтын жалған ақпаратты орналастырғаны, таратқаны үшін, егер бұл әрекеттерінде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, жеке тұлғаларға 20 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуды, ал бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуды не 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуды көздейді.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын инфлюенсерлер (блогерлер) жасаған осыған ұқсас әрекеттер үшін жеке тұлғаларға – 30 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – 40 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 80 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Инфлюенсерлер (блогерлер) бір жыл ішінде қайталап жасаған құқық бұзушылықтар үшін жеке тұлғаларға – 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салу не 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – 60 АЕК мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 120 АЕК мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 250 АЕК мөлшерінде айыппұл салу көзделеді.

Заңды қабылдау Қазақстан Республикасында онлайн-платформалардың қызметі үшін құқықтық негіздер жасайды, көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін жауаптылық енгізу арқылы онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы реттеудің нормативтік базасын өзектендіруге мүмкіндік береді, бұл ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын халықаралық стандарттарға сәйкес одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

5. «Кәсіптік біліктілік туралы»

Заңды жүргізген депутат Т.Жүнісов.

Заңның мақсаты белгілі бір кәсіп түрін жүзеге асыруға үміткер жеке тұлғалардың кәсіби біліктілігін тану тәртібімен байланысты қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастыру болып табылады.

Заңның міндеттері Ұлттық біліктілік жүйесінің (бұдан әрі – ҰБЖ) элементтерін және кәсіби біліктілікті тану арқылы еңбек саласындағы қатынастарды реттеу тетіктерін жүйелеу болып табылады.

Заңмен мыналарға:

- ҰБЖ-нің біліктілігі мен элементтерін тану тәртібін нормативтік бекітуге;

- ҰБЖ-ні басқарудың үш деңгейлі моделін енгізуге: Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес, Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган, кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер;

- ҰБЖ-ға негізгі қатысушылардың құзыреттерін айқындауға;

- біліктілікті тануға ынталандыру жөніндегі шараларды бекітуге бағытталған нормалар ұсынылады.

Мамандардың кәсіби біліктілігі жүйесінің «толық циклін» қалыптастыру мақсатында Заңмен жүйенің барлық қатысушыларының рөлін, функционалын, өкілеттіктерін, жауапкершілігін, құқықтары мен міндеттерін бекітетін ҰБЖ-ны басқарудың үш деңгейлі моделін енгізу, сондай-ақ әрбір деңгейде бірыңғай үйлестіру және шешім қабылдау орталықтарын құру ұсынылады.

Заңда Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу жөніндегі функцияларды беру ұсынылады, онда кандидаттарға кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттарды беру жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ, Заңда «біліктілік бағдарламасы», «информалды және формалды емес білім беру», «кәсіптік біліктілікті тануға арналған біржолғы ваучер», «кәсіптер тізілімі», «ұлттық кәсіптер сыныптауышы» сияқты ұғымдарды нормативтік бекіту, оларды іске асыру тетіктерін бекіту ұсынылды, бұл кәсіптік біліктілікті тану жүйесін жүйелеу процесін одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат Т.Жүнісов.

Заң Қазақстан Республикасының кәсіптік біліктілік мәселелері жөніндегі бірқатар заңнамалық актілерін «Кәсіптік біліктілік туралы» Заң жобасының ережелерімен сәйкес келтіру, сондай-ақ мамандардың кәсіптік біліктілігін тануды реттеудің бірыңғай жүйесін қалыптастыруға бағытталған реттеуші тетіктерді жетілдіру мақсатында әзірленді.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді іске асыру Қазақстан Республикасының 3 Кодексіне және Қазақстан Республикасының 11 заңына бір мезгілде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне тәртіптік жаза қолдану және қолдану мерзімдерінде «Кәсіптік біліктілік туралы»

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіптік біліктілікті тану туралы норма енгізіледі. Сондай-ақ аккредиттелген кәсіптік біліктілікті тану орталықтарында жүргізілетін, кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіптер бойынша кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі норма енгізіледі.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уәкілетті органның құзыретіне денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту жөніндегі норма енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін өзіне қатысты соттың күшіне енген айыптау үкімі бар немесе сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамға қатысты нормамен толықтырылады. Сондай-ақ, осы Кодекстің мәтіні бойынша «жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылады.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

3.1.6. АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУ КОМИТЕТІ

1. «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы»

Заңды жүргізген депутат О.Булавкина.

Заңның негізгі мақсаттары бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны (ССП) аумағында және оған іргелес жатқан жерлерде радиациялық және экологиялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету, бұрынғы ССП аумағындағы жерлерді пайдалануда мемлекеттік бақылауды күшейту, аумақты оңалту, елдің ғылыми әлеуетін дамыту, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану мәселелерінде Қазақстан Республикасының ұстанымын нығайту болып табылады.

Заңда мыналар:

кешенді экологиялық зерттеу және мемлекеттік экологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде Семей ядролық сынақ полигонының нормативтен тыс ластанған учаскелерінде Семей ядролық қауіпсіздік аймағын (бұдан әрі – СЯҚА) құру;

СЯҚА аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

уәкілетті органның ұсынуы бойынша уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымдары арасынан СЯҚА уәкілетті ұйымын белгілеу;

СЯҚА жерлерін ведомстволық бағынысты ұйымның жер пайдалануына беру;

ведомстволық бағынысты ұйымға СЯҚА қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуетін дамыту жөніндегі негізгі міндеттерді жүктеу көзделген.

Заңды іске асыру 2027 жылға дейін республикалық бюджеттен 3,596 млрд. теңге сомасында қосымша қаржы шығындарын талап етеді. Шығындар Республикалық бюджет комиссиясында қолдау тапты.

Күтілетін нәтижелер: СЯҚА құру жерді пайдалану мәселелерінде мемлекеттік бақылауды күшейтеді, аумақты оңалтуды, радиоэкологиялық мониторингті ұйымдастыруды және елдің ғылыми әлеуетін дамытуды қамтамасыз етеді. Уәкілетті ұйым – ҚР Энергетика министрлігінің Ұлттық ядролық орталығына функцияларды заңнамалық тұрғыда беру аса маңызды болып табылады.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заңды жүргізген депутат О.Булавкина.

Заңның негізгі мақсаты мен міндеті Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасын «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Осыған байланысты Заңмен Қазақстан Республикасының Жер, Кәсіпкерлік және Экологиялық кодекстеріне, сондай-ақ «Электр энергетикасы туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі:

Атап айтқанда, Заңмен Жер және Экологиялық кодекстерге «ядролық қауіпсіздік аймағының жері» жаңа жер санатын енгізуді көздейтін өзгерістер енгізіледі. Жеке және заңды тұлғалардың ядролық қауіпсіздік аймағы жерін пайдаланудың құқықтық тәртібі белгіленген.

Парламент Мәжілісінде Заңды қарау барысында депутаттар Экологиялық кодексте кәбіл-өткізгіш өніміне кәдеге жарату алымын өндіріп алудың күшін жоюды көздейтін түзетулер енгізді, қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен мөлшері нақтыланды.

«Электр энергетикасы туралы» Заңға басқа елдерден, оның ішінде уәкілетті ұйым арқылы электр энергиясын сатып алуды немесе сатуды жүзеге асыруды көздейтін түзетулер енгізілді.

Сондай-ақ Заңның ережелерін заң техникасы ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған баптардың нақтылайтын және анықтайтын редакциялары енгізілді.

Заң 2023 жылы 29 маусымда Сенат отырысында мақұлданды.

IV. СЕНАТ КОМИТЕТТЕРІ ӨТКІЗГЕН ІС-ШАРАЛАР

(2023 жылғы 29 наурыз – 30 маусым)

Комитеттің атауы	Парлам. тыңдау	Үкімет сағаты	Көшпелі іс-шаралар	Дөңгелек үстелдер және басқа	Кезде-сулер	Барлығы
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті			8	3	5	**16**
Қаржы және бюджет комитеті		1	2	7	1	**11**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті			4	1	1	**6**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті			3	2	1	**6**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті			8	3	5	**16**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті		2	3		6	**11**
Барлығы:		**3**	**28**	**16**	**19**	**66**

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ – 3

Қаржы және бюджет комитеті – 1

2023 жылғы 29 мамыр - «Қазақстанның инвестициялық ахуалы және инвестициялық тартымдылығы» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті - 2

2023 жылғы 25 мамыр - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің суармалы жерлерді пайдалану және су үнемдеу технологияларын енгізу туралы ақпараты.

2023 жылғы 16 маусым - «Агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру және импортты алмастыру жағдайында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу мәселелері» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ – 28

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 8

2023 жылғы 30 наурыз - Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Мемлекеттік қызмет туралы заңнамадағы жаңалықтар» тақырыбында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі басшылығы, сондай-ақ оның аумақтық органдарының қатысуымен Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қ., МҚІА).

2023 жылғы 4 сәуір - Астана қаласы Полиция департаменті «Есіл» ауданының полиция басқармасының базасында Астана қаласының учаскелік полиция инспекторларымен (сервистік полиция, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және т.б. мәселелері бойынша) кездесу (Астана қаласы Полиция департаменті, «Есіл» ауданының полиция басқармасы).

2023 жылғы 6 сәуір - Көлеңкелі бизнеске қарсы іс-қимыл саласындағы ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесі жөнінде Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қаласы, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі).

2023 жылғы 11 сәуір - Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен оның адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өкілеттіктерін іске асыру мәселелері бойынша кездесу (Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық, Астана қ.).

2023 жылғы 18 сәуір - Сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің жаңартылған элементтері жағдайында құқық үстемдігін қамтамасыз ету үшін сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Астана қаласы сотының базасында, Астана қаласы).

2023 жылғы 25 сәуір - Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік мәселелері жөнінде Комитеттің көшпелі отырысы (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің негізінде, Астана қаласы).

2023 жылғы 26 мамыр - Мемлекет басшысының заңсыз шығарылған активтерді елге қайтару жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігі қызметінің мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Алматы қаласы, Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті).

2023 жылғы 15 маусым- «Прокуратура туралы» Конституциялық заңды және Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (г.Астана, ҚР Бас прокуратурасы).

Қаржы және бюджет комитеті – 2

2023 жылғы 6 сәуір – Комитет мүшелерінің кедендік әкімшілендіруді мәселелері бойынша Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне баруы.

2023 жылғы 27-28 сәуір – Инвестициялық ахуалды жақсарту және өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне оның әсер етуі мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Қостанай облысы).

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 4

2023 жылғы 30 наурыз – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау Академиясына, Қорғаныс министрлігінің Ш. Уәлиханов атындағы әскери колледжіне бару (Ақмола облысы, Көкшетау қ. және Щучинск қ.).

2023 жылығы 4 сәуір – Комитет мүшелерінің ҚР ІІМ Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімге баруы.

2023 жылғы 25-27 мамыр – Шекарамаңы ынтымақтастығы мәселелері бойынша жергілікті атқарушы және өкілді органдардың басшылығымен кездесу (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы).

2023 жылғы 12-14 маусым – Мемлекеттік шекараны қорғау және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің

қызметі мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Ақтау қ., Маңғыстау облысы).

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 3

2023 жылғы 3 сәуір – VIII сайланған Парламенттің I сессиясының ашылуында айтылған Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Қ. Тоқаевтың тапсырмаларын орындау мақсатында «Өңдеу өнеркәсібін дамыту: нақты жай-күйі, проблемалары және даму перспективалары» тақырыбында дөңгелек үстелді дайындау шеңберінде «Астана электротехникалық зауыты» ЖШС-не баруы.

2023 жылғы 19 мамыр – Қазақстан Республикасының Президенті VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында алға қойған міндеттер шеңберінде Өңдеуші өнеркәсіпті экономиканың негізгі саласы ретінде дамыту мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Атырау облысы).

2023 жылғы 9 маусым – Ұлттық оператордың қызметін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-на Комитеттің көшпелі отырысы.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 8

2023 жылғы 3 сәуір – Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Ғылымды дамыту: жай-күйі, проблемалары, перспективалары және құқықтық реттеу» тақырыбына арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің басшылығымен кездесудің дайындық шеңберінде Комитет мүшелерінің «Ғылым қоры» АҚ-ға баруы.

2023 жылғы 7 сәуір – «Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің мемлекеттік идеологияны қалыптастырудағы орны» тақырыбында жоспарланып отырған дөңгелек үстелді ұйымдастыру аясында Комитет мүшелерінің «EL ARNA» телеарнасына баруы.

2023 жылғы 10 сәуір – Комитет мүшелерінің «Қазақ газеттері» ЖШС ұжымымен кездесуі.

2023 жылғы 25 сәуір – Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін арттыру, сапалы орта білім беруді қамтамасыз ету, жоғары және кәсіптік-техникалық білім берудің даму үрдістері» тақырыбында дөңгелек үстелге дайындық шеңберінде Комитет мүшелерінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ға баруы.

2023 жылғы 26 мамыр – «Ашаршылық. Голод. 1928-1934.

Документальная хроника. Құжаттар жинағы» VI-VII томы тұсаукесері (Қарағанды облысы)

2023 жылғы 7 маусым – «Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында «Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы» КеАҚ-на баруы

2023 жылғы 9 маусым – «Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында «Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» МКҚК-на баруы

2023 жылғы 13 маусым – Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында берген тапсырмалары шеңберінде Экологиялық туризмді дамытудың өзекті мәселелерін талқылау бойынша Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығына Комитет мүшелерінің сапары (Ақмола облысы).

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 3

2023 жылғы 27-29 сәуір – Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Ауылдық аумақтарды дамыту және «Ауыл ел бесігі» жобасын іске асыру мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің сапары (Жетісу облысы).

2023 жылғы 12 мамыр – «Елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мәселелері» тақырыбында Комитеттің көшпелі отырысы (Ақмола облысы).

2023 жылғы 25-26 мамыр – «Ауылдық жерлерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел (Маңғыстау облысы,Ақтау қаласы).

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ІС-ШАРАЛАР - 16

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 3

2023 жылғы 16 мамыр – «Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берілген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде азаматтардың білікті заң көмегіне конституциялық құқығы: жай-күйі мен болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел.

2023 жылғы 23 мамыр – Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берілген тапсырмалары шеңберінде адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында тиімді құқықтық тетіктер құру мәселелері бойынша

Комитеттің отырысы.

2023 жылғы 6 маусым – Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берілген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдардың заң шығару процесіндегі қызметін одан әрі бюрократиядан арылту мәселелері бойынша Комитеттің отырысы.

Қаржы және бюджет комитеті - 7

2023 жылғы 29 наурыз - Электр энергетикасы саласындағы кейбір мәселелер туралы депутаттық сауалды жауапты мемлекеттік органдарды тыңдау бойынша Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2023 жылғы 31 наурыз - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Салықтық жеңілдіктерді оңтайландыру және олардың тиімділігін арттыру» тақырыбында дөңгелек үстел.

2023 жылғы 5 сәуір - Ішкі жолаушылар авиатасымалдарымен байланысты проблемалық мәселелерді талқылау бойынша Комитеттің отырысы.

2023 жылғы 20 сәуір - «Бюджет саясаты моделін реформалау» тақырыбында дөңгелек үстел.

2023 жылғы 11 мамыр - «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту жөніндегі шаралар туралы» тақырыбында дөңгелек үстел.

2023 жылғы 25 мамыр - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерінің таныстырылымы.

2023 жылғы 12 маусым - «Салық саясатының өзекті мәселелері және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру» тақырыбында дөңгелек үстел.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті - 1

2023 жылғы 18 сәуір - Әскери қызметшілердің өмірін сақтау мәселелері туралы депутаттық сауалға қатысты жауапты мемлекеттік органдарды тыңдау бойынша Комитеттің отырысы.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 2

2023 жылғы 7 сәуір - Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында «Электр энергетикасы нарығын дамыту: тенденциялар, проблемалар және

оларды шешу жолдары» тақырыбындағы дөңгелек үстел ұсынымын іске асыру барысы туралы» тақырыбында Комитет отырысы.

2023 жылғы 26 сәуір - Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде «Өңдеу өнеркәсібін дамыту: нақты жай-күйі, проблемалары және даму перспективалары» тақырыбында дөңгелек үстел.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті - 3

2023 жылғы 19 сәуір – Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің мемлекеттік идеологияны қалыптастырудағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел.

2023 жылғы 25 мамыр - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін арттыру, сапалы орта білім беруді қамтамасыз ету, жоғары және кәсіптік-техникалық білім берудің даму үрдістері» тақырыбында дөңгелек үстел.

2023 жылғы 14 маусым - «Жаңа Қазақстан: жастар және жаңғырту» тақырыбындағы парламенттік тыңдаулардың қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдарды іске асыру барысы туралы» тақырыбында Комитеттің кеңейтілген отырысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР – 19

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 5

2023 жылғы 6 сәуір - Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің басшылығымен оның қызметін заңнамалық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша кездесу.

2023 жылғы 11 сәуір - Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен оның адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өкілеттіктерін іске асыру мәселелері бойынша кездесу

2023 жылғы 18 сәуір - Судьялар корпусының кәсібилігін және сот төрелігін іске асыру сапасын арттырудың өзекті мәселелері бойынша Астана қаласы сотының басшылығымен кездесу

2023 жылғы 25 сәуір - Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылығымен оның

міндеттері мен функцияларын іске асыруды заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесу.

2023 жылғы 12 мамыр - Қазақстан Республикасы Конституциялық Сот соттарымен кездесу

Қаржы және бюджет комитеті - 1

2023 жылғы 4 сәуір - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің басшылығымен ақша-кредит саясаты мәселелері бойынша кездесу (Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетімен бірлесіп).

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті - 1

2023 жылығы 7 сәуір - «Отандастар Қоры» КЕАҚ басшылығымен шетелдік және ҚР келген этникалық қазақтарды қолдауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесу.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 1

2023 жылғы 4 сәуір - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің басшылығымен ақша-кредит саясаты мәселелері бойынша кездесу (Қаржы және бюджет комитетімен бірлесіп).

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 5

2023 жылғы 31 наурыз - Әскердегі және әскери оқу орындарындағы идеологиялық-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен кездесу.

2023 жылғы 5 сәуір - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Ғылымды дамыту: жай-күйі, проблемалары, перспективалары және құқықтық реттеу» тақырыбына арналған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің басшылығымен кездесу.

2023 жылғы 3 мамыр - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары мәслихаттарының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының депутаттарымен білім беру және еңбек салаларын дамыту мәселелері бойынша кездесу.

2023 жылғы 12 мамыр - Президенттің «Әділетті мемлекет.

Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары мәслихаттарының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының депутаттарымен мәдениетті, мұрағат ісін, ономастиканы, геральдиканы және спортты дамыту мәселелері бойынша кездесу.

2023 жылғы 8 маусым - Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында берген бұқаралық спортты, спорттық инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде Мәдениет және спорт министрлігінің басшылығымен кездесу.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 6

2023 жылғы 31 наурыз - Ауыл шаруашылығы дақылдары егістерін әртараптандыру және агросақтандыру мәселелері бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу.

2023 жылғы 7 сәуір - Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен кездесу.

2023 жылғы 17 мамыр - Комитет мүшелерінің Жетісу облысына сапары барысында айтылған ұсыныстарды іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесу.

2023 жылғы 24 мамыр - Комитет мүшелерінің Ақмола облысындағы көшпелі отырысында айтылған ұсыныстарды іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесу.

2023 жылғы 1 маусым - Маңғыстау облысында өткен дөңгелек үстел барысында айтылған ұсыныстардың орындалуын талқылау мақсатында мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесу.

2023 жылғы 20 маусым - Ақбөкендердің санын реттеу бойынша мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН МОНИТОРИНГТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯ

(2023 жылғы 20 маусымдағы Парламенттің қаулысы)

1	ӘШІМБАЕВ Мәулен Сағатханұлы	–	Парламент Сенатының Төрағасы, парламенттік комиссиясының төрағасы
2	ПЕРЕПЕЧИНА Ольга Валентиновна	–	Сенат Төрағасының орынбасары

3	РАУ Альберт Павлович	–	Мәжіліс Төрағасының орынбасары
4	АЛДАШЕВ Сүйіндік Тасеменұлы	–	Парламенті Сенаты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы
5	БЕКТАЕВ Әли Әбдікәрімұлы	–	Парламенті Сенаты Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы
6	ЖҮСІП Нұртөре Байтілесұлы	–	Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы
7	САБИЛЬЯНОВ Нұртай Салихұлы	–	Парламенті Мәжілісі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы
8	ШӘКІРОВ Асқар Оразалыұлы	–	Парламенті Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы
9	ӘЛНАЗАРОВА Ақмарал Шәріпбайқызы	–	Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы
10	БЕКНАЗАРОВ Нұрлан Құдияруұлы	–	Парламенті Сенаты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы
11	КАРПЛЮК Сергей Алексеевич	–	Парламенті Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы
12	ЗЕЙНУЛЛИН Аян Талғатұлы	–	Парламенті Мәжілісі Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі
13	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	–	Парламенті Мәжілісі Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі
14	РАҚЫМЖАНОВ Асхат Нұрмағамбетұлы	–	Парламенті Мәжілісі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
15	САДЫҚОВ Асқар Аманбайұлы	–	Парламенті Мәжілісі Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі
16	СТАМБЕКОВ Ерлан Дәулетұлы	–	Парламенті Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі
17	ТАНАШЕВА Гауһар Шаймерденқызы	–	Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі

18	ШҮКІЖАНОВА Динара Аманжелқызы	–	Парламенті Мәжілісі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі.

2023 жылғы 23 маусым – Парламенттік комиссияның отырысы.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СЕНАТОРЛАР КЕҢЕСІ

2023 жылғы 24-26 мамыр – Ұлытау облысына бару.
2023 жылғы 16 маусым – «Агрофирма «Родина» ЖШС-ға бару.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН (МӘСЛИХАТТАРМЕН) ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

(2023 жылғы 15 мамырдағы Сенат Бюросының қаулысы)

Жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс – қимыл жөніндегі кеңестің лауазымдық құрамы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары, Кеңес төрағасы;

«Өңір» депутаттық тобының жетекшісі, Кеңес төрағасының орынбасары *(Сенат депутаттарымен өзара іс-қимыл мәселелері);*

«Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Кеңес төрағасының орынбасары *(мәслихаттармен өзара іс-қимыл мәселелері);*

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы;

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының төрағалары;

Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту және өңірлік даму саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы басшысының орынбасары.

2023 жылғы 23 мамыр – Кеңестің жаңа құрамында Сенат Төрағасының және депутаттардың қатысуымен Кеңес отырысы, тұрақты комитеттерде кездесу.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІ

(2023 жылғы 3 сәуірдегі Сенат Бюросының қаулысы)

1	АСАНОВ Жақып Қажманұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары, Жобалық кеңсенің басшысы;
2	БЕКНАЗАРОВ Нұрлан Құдияұлы	-	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
3	КАРПЛЮК Сергей Алексеевич	-	Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
4	САРЫБАЕВ Ғалиасқар Төлендіұлы	-	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
5	ШАЙДАРОВ Серік Жаманқұлұлы	-	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
6	ӘЛНАЗАРОВА Ақмарал Шәріпбайқызы	-	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
7	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	-	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы, Жобалық кеңсенің мүшесі;
8	УАҚПАЕВ Марат Сұлтанұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппараты Басшысының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі;
9	ДАНАБЕКОВ Олжас Қайратұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппараты Басшысының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі;
10	СҰЛЕЙМЕН Ләззат Жаңылысқызы	-	Парламентаризм институты директорының орынбасары, Жобалық кеңсенің мүшесі;

11	ТӨРЕҚОЖА Қанат Абдуллаұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппараты бөлім меңгерушісінің орынбасары, Жобалық кеңсенің хатшысы.

2023 жылғы 16 мамыр – Жобалық кеңсенің отырысы.
2023 жылғы 26 мамыр – Жобалық кеңсенің отырысы.

«ӨҢІР» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

(2023 жылғы наурызда құрамы жаңартылды)

1	ШАЙДАРОВ Серік Жаманқұлұлы	Депутаттық топтың жетекшісі, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы	*Ұлытау облысы*
2	АРҒЫНБЕКОВА Айнұр Серікпайқызы	Депутаттық топ жетекшісінің орынбасары, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Абай облысы*
3	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Астана қаласы*
4	АСАНОВА Жанна Бейсентайқызы	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Алматы қаласы*
5	ҚАПБАРОВА Айгүл Жарылқасынқызы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Шымкент қаласы*
6	БЕКЕНОВ Нұрлан Жексембайұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	*Ақмола облысы*
7	НҰҒМАНОВ Амангелді Шайхоллаұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	*Ақтөбе облысы*
8	ДҮЙСЕМБИНОВ Сұлтан Мырзабекұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Алматы облысы*

9	ЛҰҚПАНОВ Сағындық Есенғалиұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Атырау облысы*
10	БҰҚТҰҒҰТОВ Шәкәрім Сабырұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Шығыс Қазақстан облысы*
11	АРУБАЕВ Сәкен Қаланұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Жамбыл облысы*
12	ӨТЕҒҰЛОВ Арман Кәрімұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Батыс Қазақстан облысы*
13	ЕРШОВ Сергей Михайлович	Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі	*Қарағанды облысы*
14	НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғауез Торсанұлы	Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі	*Қостанай облысы*
15	РҮСТЕМОВ Руслан Рүстемұлы	Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	*Қызылорда облысы*
16	ОРЫНБАСАРОВ Бекбол Тілеумұратұлы	Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі	*Маңғыстау облысы*
17	ТОЛАМИСОВ Амангелді Ғабдылкәрімұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Жетісу облысы*
18	ӘЙТКЕНОВ Ернұр Нұрмұханұлы	Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі	*Павлодар облысы*
19	ҚАДЫРБЕК Мұрат Болатұлы	Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі	*Түркістан облысы*

2023 жылғы 30 нарыз – Сенат Төрағасының қатысуымен депутаттық топтың отырысы.

2023 жылғы 6 сәуір – депутаттық топтың отырысы.

2023 жылғы 26 сәуір - депутаттық топтың отырысы.

2023 жылғы 24 мамыр - депутаттық топтың отырысы.

2023 жылғы 16 маусым - депутаттық топтың отырысы.

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

(2023 жылғы 2 маусымдағы Сенат Бюросының қайлысы)

ҚР Парламентінің Сенаты			
1	ЖҮСІП Нұртөре Байтілесұлы	–	Топ басшысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
2	БУЛАВКИНА Ольга Александровна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
3	КУЗИЕВ Закиржан Пирмухамедович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
4	ШИПОВСКИХ Геннадий Геннадиевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
5	НИЯЗОВА Нурия Исмагиловна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
6	САТВАЛДИЕВ Алишер Гапиржанович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
7	БОЛЬГЕРТ Евгений Андреевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
8	ЖЕКСЕНБАЙ Бибигүл Нұрғалиқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
9	РЫСБЕКОВА Ләззат Тұякбайқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
10	НУХҰЛЫ Алтынбек	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты

ҚР Парламентінің Мәжілісі			
«AMANAT» партиясының фракциясынан			
1	АВЕРШИН Константин Викторович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
2	ӘБІЛ Еркін Аманжолұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
3	БАШИМОВ Марат Советұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
4	БЕЙСЕНБАЕВ Елнұр Сабыржанұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Amanat» партиясының атқарушы хатшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі
5	ДЕМЕНТЬЕВА Наталья Григорьевна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
6	ЗАЙЫТОВ Ринат Рифхатұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
7	ИМАШЕВА Снежанна Валерьевна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
8	КАЗАНЦЕВ Павел Олегович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
9	КУЧИНСКАЯ Юлия Владимировна	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
10	МЫСЫРӘЛІМОВА Айна Ермекқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
11	ПОНОМАРЕВ Сергей Михайлович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
12	РАУ Альберт Павлович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
13	РОЖИН Максим Николаевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
14	ТОЛЫҚБАЕВ Мақсат Мәлікұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

15	ШАТАЛОВ Никита Сергеевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының фракциясынан			
16	АРСЮТИН Николай Геннадьевич	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
«Respublica» партиясының фракциясынан			
17	ҚҰСПЕКОВ Олжас Хайроллаұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясынан			
18	БАРЛЫБАЕВ Ерлан Хайланұлы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Қазақстан Халық партиясы фракциясынан			
19	МАГЕРРАМОВ Магеррам Мамедович	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі
Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясынан			
20	САҒАНДЫҚОВА Ажар Бахытқызы	–	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

2023 жылғы 12 маусым - депутаттық тобы мүшелерінің Қазақстан халқы ассамблеясы Төрағасының Орынбасарымен кездесуі.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАС САРАПШЫЛАР КЛУБЫ

2023 жылғы 19 мамыр – Клуб отырысы.
2023 жылғы 25 мамыр - Клуб өкілдерінің Қарағанды облысының сарапшылар қауымдастығымен кездесуі.

V. СЕНАТТЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫМДАР

(2022 жылғы 29 наурыз - 30 маусым)

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ

І. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 29 мамырда «**Қазақстанның инвестициялық ахуалы және инвестициялық тартымдылығы»** тақырыбында үкіметтік сағат өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1) инвестициялық келісімшарттар шеңберінде инвесторлардың қарсы міндеттемелерді көздеу;

2) инвесторлардың инфрақұрылымды жүргізуге жұмсаған шығындарының бір бөлігін өтеу жөніндегі мәселені қарастыру;

3) жасалған уағдаластықтар шеңберінде (сот органдарының шешімі бойынша жағдайларды қоспағанда) атқарушы органдардың бұрын қабылданған міндеттемелерді негізсіз қайта қарауына тыйым салуды заңнамалық тұрғыда бекіту;

4) инвесторлардың шағымдарын тиімді қарау, сондай-ақ олардың мәселелерін сотқа дейінгі тәртіппен шешу мақсатында инвестициялық омбудсменнің орынбасары лауазымын Премьер-Министрдің орынбасары деңгейінде енгізу арқылы Инвестициялық омбудсмен институтын күшейту;

5) инвесторлар үшін түйінді жағдайларда (желілерге қосылған кезде, жер учаскелерін жалға алу, рұқсаттар, қаржылық қолдау және т. б.) іс-қимылдың қадамдық алгоритмдері болып табылатын инвестициялық қағидалардың жиынтығын қалыптастыру;

6) шикізатты Қазақстанда кейінгі қайта бөлулерде қалдыруды, пайдалы қазбаларды әзірлеушілердің міндеттемелері бойынша мәселені қарастыру. Шикізатпен қамтамасыз ету шетелдік бизнестің Қазақстанға инвестициялау туралы шешім қабылдаудағы аса маңызды факторлардың бірі болып табылады;

7) тұтыну әлеуетін ескеретін техникалық шарттар берудің бірыңғай регламентін бекітуді қамтамасыз ететін тиісті құқықтық актілер қабылдау. Инвестор инвестициялық жобаларды іске асырған кезде желілерге қосылудың техникалық шарттарын алудың қиындығы туындайды. Бұл проблема энергиямен жабдықтаушы компаниялардың кейбір өкілдерінің монополиялық жағдайды теріс пайдалануы себебінен де, желілерге қосылуға техникалық шарттар беру кезіндегі қызметтің ашықтығын реттейтін нормативтік базаның жетілмеуі себебінен де туындайды;

8) қолданыстағы теміржол инфрақұрылымын дамытуға

жеке инвестициялар тарту тетігін әзірлеу. Қазақстанда теміржол инфрақұрылымының жоғары тозуы 70%-дан астам. Қазіргі уақытта айтарлықтай қаржылық шығындарды көздейтін теміржол инфрақұрылымын жаңғырту талап етіледі, заңнамалық деңгейде қолданыстағы теміржол инфрақұрылымын дамытуға отандық инвесторларды тарту тетігі жоқ;

9) шетелдік жұмыс күшін тарту жөніндегі комиссияны қараудың тоқсан сайынғы мерзімі белгілеу;

10) шартты шығындардың болмауына байланысты бюджеттің шартты шығындары бойынша РБК-мен келісу рәсімі алынып тасталсын, өйткені пайдалануға берілген сәтке дейін жаңа жобалар салық салынатын қызметті жүзеге асырмайды;

11) бәсекеге қабілеттілікті арттыру және күрделі жобаларды әзірлеуге қосымша инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасау және мұнай химиясы, мұнай өңдеу, ЖЭК және электр энергетикасы сияқты салаларда инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында мынадай мәселелерді қарау ұсынылады:

- мұнай-газ химиясы және мұнай-газ өңдеу жобалары үшін Pre-FEED және FEED (жобаны инвестициялау алдынала зерттеу, базалық модельдеуді, жобаны әзірлеуді, жобаны іске асыру шығындары мен уақытын бағалауды қамтиды) пакеті болған кезде жобалау алдындағы құжаттаманы әзірлеу қажеттілігін болдырмау;

- инвесторларды тікелей іріктеу шеңберінде, оның ішінде әлеуетті инвесторлармен жобаларды іске асыру шарттарын пысықтау арқылы электр станцияларын салу жөніндегі шараларды және стратегиялық әріптестерді айқындау бойынша даярлаудың жаңа тетігін құру.

2. **Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне**:

1) Қазақстандық даму институттарынан қаржылық ынталандыру шараларын алмай іске асыруға дайын жаңа жоғары технологиялық (орта және жоғарғы шегі) өндірістік жобаларды тарту мақсатында жаңа қолдау шараларын көздеу;

2) өнеркәсіпті дамыту қоры шеңберінде өңдеуші өнеркәсіп жобаларын жедел қаржыландыру мақсатында талап етілетін нормалардан «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ-дан экономикалық сараптаманы алып тастау;

3) басым жобаларды іске асыру барысын оңтайландыру үшін заңнамалық деңгейде мынадай рәсімдерді қатар жүргізуді:

- ЖСҚ әзірлеу және келісу;

- құрылыстың басталуы;

- экологиялық қорытынды алу (тек орташа, шамалы және минималды әсер ететін жобаларға);

- даму институттарымен қаржыландыруды (ҚДБ, ҚДҚ) көздеу.

3. **Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне** заңнаманың шеңберінде

іске асырылуы қазақстандық және халықаралық компаниялардың қатысуымен коммерциялық операциялардың тиімділігін арттыратын халықаралық цифрлық қолтаңбаны қолдану жөніндегі пилоттық жобаны енгізуге қатысты мәселені пысықтау.

4. **Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне «Қазақинвест «ҰК» АҚ - мен бірлесіп** трансұлттық компанияларды (бұдан әрі-ТҰК) тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру. Ресей Федерациясынан ТҰК релокациясы және ірі шетелдік компанияларды тарту бойынша одан әрі жұмыс шеңберінде жобаның орналасқан жерін, қолданыстағы заңнама шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын облыс әкімдіктерімен бірлесіп пакеттік инвестициялық ұсыныстарды одан әрі пысықтау үшін импортты алмастыру және экспортты дамыту жөніндегі өнімдер тізбесін талдау негізінде компаниялардың тізімі айқындасын;

5. **Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне** сауда саясатының тұжырымдамасын әзірлеу. Ол сауда қатысушылар үшін қауіпсіз және жайлы жағдайлар жасауға, сауданың заманауи және ұйымдастырылған форматтарын дамытуды ынталандыруға, оны ағартуға, «көлеңкеден» шығаруға және бағаны тұрақтандыруды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс **ұсынады**.

II. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 16 маусымдағы «**Агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру және импортты алмастыру жағдайында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу мәселелері**» тақырыбына арналған Үкімет сағатының қорытындысы бойынша берген ұсынымдар:

1. **Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

1.1. Импортты алмастыруға және экспорттық әлеуетті дамытуға бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемін ұлғайту жөніндегі шараларды іске асыруға жүйелі негізде жәрдем көрсету;

1.2. Мыналар бойынша шаралар қабылдау:

- қосымша құны жоғары түрлі өнімдердің кең тізбесін алу мақсатында отандық өндірушілерді астық дақылдарын тереңірек өңдеуге ынталандыру;

- қанттың баламалы, яғни жүгері дәнінен және бидайдан өндіруге болатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасында қант саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Кешенді жоспарына өзгерістер енгізу;

- (отандық) астық өндірушілердің өнімдерін отандық астық өңдеу кәсіпорындарына тапсыруын ынталандыру мақсатында «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы

министрінің бұйрығы аясында субсидиялауды жүзеге асыру;

- мақта өңдеу зауыттарының мақта өсірушілері алдындағы берешегін қайтару және олардың мүдделерін қорғау жөніндегі мәселені шешуге жәрдемдесу;

1.3. Жүн мен теріні өңдеудің толық циклын қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу (субсидиялау, логистика, сақтау, жүн мен теріні қабылдау пункттері);

1.4. Жемшөп өндірісін дамыту жөніндегі жоспар шеңберінде тұтынушыларды қолжетімді бағамен ауыл шаруашылығы жануарларына арналған дайын жеммен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қарастыру;

1.5. Уәкілетті органға неғұрлым терең өңделген өнімдерге жеңілдіктер беруді оңтайландыру бойынша ұсыныстар енгізу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бағыттары бойынша салықтық жеңілдіктерді қолданудың тиімділігіне талдау, бағалау жүргізу;

1.6. Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізе отырып, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде экспортқа және импортты алмастыруға бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің басым бағыттары бойынша айналым қаражатын толықтыруға сыйақының түпкілікті мөлшерлемесін төмендетуді пысықтау;

1.7. Ұн экспорты бойынша жағдайды қайталамау үшін **Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп**, нарықтардан айрылып қалмау мақсатында күнбағыс тұқымдарына қатысты тарифтік реттеу шараларын (баж салығын) қолдануды жалғастыру;

1.8. Мал шаруашылығы өнімдері мен қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері үшін экспорттық нарықтарды ашу жөніндегі жұмысты күшейту;

1.9. Шектеу шараларын енгізу кезінде (квоталау, баж немесе ауыл шаруашылығы өнімін экспорттауға тыйым салу) агробизнес субъектілерінің пікірін ескеру қажет;

1.10. Ауыл шаруашылығы шикізатын жеке қазақстандық қайта өңдеушілердің субсидиялау мақсатында 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №457 облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу.

2. **Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне:**

2.1. **Қаржы, Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп** ауыл шаруашылығы өнімдерін бақылаусыз әкелу бойынша көлеңкелі импортты болғызбау үшін нақты шаралар қабылдасын;

2.2. Вагондар паркінің жеткіліксіздігі, республика аумағында жүктердің қозғалу мерзімдерін жеделдету, локомотив тартымының болмауы, тасымалдауға жоғары тарифтер бойынша проблемаларды шешу арқылы шикізат пен дайын өнімді үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету;

2.3. Отандық азық-түлік тауарларын ішкі және сыртқы нарықтарда ілгерілетуге, қайта өңдеу кәсіпорнын техникалық және технологиялық қайта жарақтандыруға жәрдемдесу;

2.4. Мына мәселелерді:

- мақта-мата саласын дамыту бойынша Жаңа ұлттық жоба әзірлеуді;

- ауыл шаруашылығы мақта өндірушілеріне «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы инвестициялық шығындардың 50%-ын өтеуді және екінші деңгейлі банктер арқылы ұзақ мерзімді жеңіл несиелер беруді қарастыру.

3. **Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп:**

3.1. Ауыл шаруашылығы өнімін неғұрлым тереңдетіп қайта өңдейтін тауар өндірушілерге салықтық жеңілдіктер беру мүмкіндігін қарастыру;

3.2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау кезінде ҚҚС қайтаруды саралау тәжірибесін енгізу (шикізатқа – 50%-ға дейін, дайын өнімге – 100%);

3.3. Экологиялық отын нарығын дамытуды ынталандыру үшін тоннасына 1000 теңге мөлшерінде төмендетілген шартты мөлшерлемелер бойынша акциздік саясатты өзгерту.

4. **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне:**

4.1. Қаржы, Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, ішкі нарықта сатылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген нормалардың сақталуына, қажет болса айналымда жалған өнімдер анықталған кезде қатаң тиісті нормативтік құқықтық актілерге қатаң талаптар енгізу;

4.2. Республикаға импортталатын ұнның сапасын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және «Фортификацияланған бидай ұны» ҚР СТ 1741-2008 стандартының талаптарына сәйкестігіне бақылау күшейтілсін.

5. **Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктерімен және Алматы қаласының әкімдігімен** бірлесіп, Алматы қаласында автокөліктерге отын ретінде бензанолды қолдану жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру бойынша мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мүмкіндігін қарасын.

6. **Сауда және интеграция министрлігіне:**

6.1. Қосылған құны жоғары ауыл шаруашылығы тауарларын өткізу нарықтарын кеңейтуге жәрдемдесу және отандық өндірушілерге оларды ілгерілетуде қолдау шараларын күшейту, соның ішінде көлік шығындарын уақтылы өтеу;

6.2. Мақта экспортының көлемін ұлғайту және инвесторларды

қолдау мақсатында теміржол, жүк тасымалдарына тарифтерді 50%-ға төмендету мүмкіндігін қарастыру.

7. **Қаржы министрлігіне:**

Отандық өндірушілердің өздері өндірген өнімдерін экспорттаған жағдайда ҚҚС қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында «Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару және қосылған құн салығының асып кеткен сомасының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын, сондай-ақ тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын бекіту туралы» қағидасына толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ОТЫРЫСТАРЫ

Дөңгелек үстелдер

І. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 19 сәуір 2023 жылы Сенаттың негізгі іс-шаралар жоспарына сәйкес «**Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің мемлекеттік идеологияны қалыптастырудағы орны»** тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Дөңгелек үстелдің мақсаты мемлекеттік идеологияны нығайту, оны көпшілікке тиімді ұсынудың ресурстары мен тетіктерін қарастыру.

Осы іс-шараға дайындық жұмыстары аясында комитет депутаттары «Қазақ газеттері» ЖШС, «Еларна» телеарнасына барып, жүргізіліп жатқан жұмыстармен және проблемалық мәселелермен танысты, сондай-ақ саланың кәсіби мамандарының ұсыныстарын тыңдады.

Дөңгелек үстелге бірқатар министрліктердің өкілдері, республикалық БАҚ басшылары, медиа сарапшылар қатысты.

Дөңгелек үстелге қатысушылар ұлттық идеологияны ілгерілету бойынша келесідей өз идеяларын ұсынды:

- мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың тиімділігін арттыруды, оның іске асу тетіктерін, тақырыптық бағыттарын, тарифтерді қалыптастыру механизмдерін, тапсырысты іске асыру концепциясын, тиімділігіне жүргізілетін мониторингін геосаяси, идеологиялық қатерлер мен тәуекелдерді ескере отырып уақыт талабына сай қайта қарауды;

- бүгінгі таңда азаматтардың басым бөлігінің «клиптік мәдениетке» бейімділігін, жаңалықтар мен әлеуметтік желілер және блогтар арқылы ақпараттар алу үрдісін ескере отырып, қысқа фрагментті қабылдауға жеңіл материалдарды көбейту арқылы ақпараттық арнаның әлеуметтік парақшалардағы жұмыстарын күшейтуді қолға алуды;

- БАҚ-тарда жағымсыз ақпараттарға (сексуалдық, зорлық-зомбылық, суицид, педофилия, бір жыныстылық және т.б.) халықтың

бой үйретуін болдырмау және оларға тосқауыл қою мақстында жеке және заңды тұлғалардың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейту бағытында заңнаманы жетілдіруді;

- «Еларна» телеарнасының жастар арнасы ретінде жаңа концепциясын әзірлеуді, оның материалдық, техникалық базаларын жаңартуды және кадрлармен толық қанды қамтамсыз етуді;

- баспа газет-журналдарда қызмет атқаратын журналистердің материалдық, әлеуметтік қолдау шараларын қайта қарауды, олардың кәсіби біліктілігі мен жұмыс өтіліне қарай санаттарға бөлу, сондай-ақ тұрғын-үй мемлекеттік бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктерін қарау бойынша ұсыныстар енгізуді;

- газет-журналдардың шалғай елді мекендерге кешігіп жеткізілуін болдырмау мақсатында «Сыр медиа» ЖШС-нің тәжірибесін зерделеуді және оны басқа өңірлерде енгізуді қарастыруды;

- әлеуметтік желілерде қазақша сапалы контентті дамыту бағыттында жұмыс жасап жүрген азаматтардың арасында конкурстар ұйымдастару және оларды мемлекттік қолдау мүмкіндіктерін қарастыруды, сондай-ақ, әзірленіп жатқан «Мас медиа» туралы заң жобасында аталған бағыттағы блогерлердің статусын айқындау бойынша ұсыныс енгізуді;

- жастардың әлемдік кеңістікте бәсекеге қабілеттілігін арттыру, саяси, экономикалық және әлеуметтік потенциалын одан әрі дамыту, олардың қоғамда болып жатқан процестерге оң көзқарастарын қалыптастыру мақсатында, жаһандық оң трендтерге сүйене отырып әлеуметтік желіге арналған жаңа контенттер әзірлеуді және оларды мемлекеттік қолдау мүмкіндіктерін қарастыруды ;

- жастардың оқу-білімге, ғылымға құштарлығын ояту мақсатында телеараналарда рейтингке негізделген шоу бағдарламалардың орнына интелектуалдық, танымдық бағдарламалардың санын арттыруды;

- қазақ фольклорының кейіпкерлерін көпшілікке, әсересе балаларға бір бейнеде танылуын қамтамасыз ету мақсатында Таусоғар, Сақұлақ, Көлтаусар, Желаяқ, Ертөстік, Қобланды және т.б. ұлттық ертегі-аңыз кейіпкерлері бейнесіне арнайы конкурс жариялап, ақылға қонымды, балаларға тартымды нұсқасын іріктеу және оларды БАҚ-тарда орналастыруды;

- балалардың бойында кітап оқуға деген қызығушылығын кеңінен қалыптастыруды, ертегі-аңыздар, ұлттық фольклор негізінде балаларды көркем ойлауға, қиялдауға, батылдыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа, өмір сүру ортасы мен табиғатқа жанашырлық танытуға баулитын, кие, обал-сауап, ұят, ар-ождан ұғымдарын балалар санасына сіңіруге негіз болатын материалдарды қамтитын балалар басылымдарының санын арттыру мүмкіндіктерін қарастыруды.

II. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 20 сәуірде «**Бюджеттік саясат моделін реформалау**» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді,

оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) қаржы салаларында қолданылатын жаңа ұғымдарды құрылымдау, кеңейту, сондай-ақ біріктіру;

2) ағымдағы шығындармен қатар пайдаланылмауы тиіс Бюджеттік инвестицияларды айқындау мен пайдалану тетігін көздеу;

3) бюджеттің басымдығы аз және тиімсіз шығыстарын, шығыстардың бағыттарын оңтайландыру және бюджет қаражатын келесі жоспарлы кезеңге қайта бөлу мақсатында үш есепті қаржы жылын талдаудың өзектілігі мен қолданыстылығы мәселелері болғандықтан, оның барлық түрлерінде шығыстарға шолу жүргізу кезеңдерін айқындау бөлігінде редакциялық нақтылауды көздеу;

4) бюджеттік саясат жүйесінде іске асыру тетігін аша отырып, мемлекеттік жоспарлау жүйелері құжаттарының негізгі орнын нақтылау;

5) мемлекеттік органның, облыстың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларына мазмұнын, әзірлеуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ түзетулер енгізуді айқындай отырып, бірыңғай тәсілді әзірлеу;

6) даму жоспарларында бөлінген бюджет қаражатымен өзара байланысты мемлекеттік органның қызметін нақты сипаттайтын индикаторлар мен көрсеткіштер белгіленсін;

7) Ұлттық қор бойынша ақпарат орналастырылатын бірыңғай ресурс айқындалсын;

8) пайдаланылған қаражаттың жетекшілік ететін салаға әсерін сипаттайтын жауапкершілік ауқымын кеңейту және оларға қол жеткізудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ыңғайлы диапазонда көрсеткіштерді белгілеу тәжірибесін алып тастау;

9) Ұлттық қордың пайдаланылмаған және Бюджет кодексінің 62-бабының 5-тармағына қайшы келетін мақсаттарға пайдаланылған қаражатын міндетті түрде қайтаруды белгілесін;

10) Ұлттық қордан нысаналы трансферттерді жіберу рәсімдерін оңтайландыру, өйткені тетігі бар шешім қабылдауды кешіктіруге әкеледі және оны қабылдау үшін жауапкершілікті бұлыңғыр етеді;

11) ұлттық жобаға енгізілген инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық ұсыныс әзірлемеу немесе қайта экономикалық, салалық сараптамалардан өтпеу мүмкіндігін қарастыру;

12) қаржылық міндеттемелер мемлекетке толығымен жүктелетін МЖӘ жобаларын іске асыруды шектеу;

13) Парламентке енгізілгенге дейін бюджетті сапалы жоспарлауды қамтамасыз ету мақсатында Үкіметке жоғары аудиторлық Палатаның республикалық бюджет жобасымен танысуға және алдын ала ұсынымдарын ескеруге мүмкіндік беру;

14) республикалық бюджет жобасын депутаттар Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының жалпы

отырыстарында қараған кезде республикалық бюджет жобасын алдын ала бағалау жөніндегі жоғары аудиторлық палата төрағасының баяндамасы енгізілсін;

15) мақсаттар мен көрсеткіштерді анықтауда стратегиялық / мемлекеттік жоспарлаудың фокустарын жетілдіру және жақсарту және қол жеткізуге болатын және есептелген нысаналы индикаторларды жоспарлау;

16) Қазақстанның қаржылық ашықтығын бағалау бойынша Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) есебін уақтылы келісуді және жариялауды қамтамасыз ету;

17) жаңа Бюджет кодексінің жобасын әзірлеу кезінде ХВҚ-ның салық-бюджет саласындағы ашықтық кодексінің төрт компоненті бойынша ұсынымдары, сондай-ақ дөңгелек үстел барысында талқылау қорытындылары назарға алынсын.

III. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 2023 жылғы 26 сәуірде «**Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде «Өңдеу өнеркәсібін дамыту: нақты жай-күйі, проблемалары және даму перспективалары»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізіп, оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметі**:

1.1. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне, «Өнеркәсіптік саясат туралы» және «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге келесі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуді және енгізуді:

1) жер қойнауын пайдаланушыларды шикізаттың бір бөлігін отандық нарықта жеңілдікті шарттармен сатуға бағдарлау;

2) сараланған салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды, инвестициялар көлеміне, технологиялық құрылымның деңгейіне, шетелдік капиталдың қатысуына, ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету көлеміне байланысты арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға қатысушылар үшін шарттың мерзімін белгілеуді қоса алғанда арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алатын немесе салықтық жеңілдіктері мен преференциялары бар компаниялар үшін қарсы міндеттемелерді белгілеу;

3) салалардың басымдылығын, өңірлерді толық қамту мен мамандандыруды ескере отырып, Өнеркәсіпті дамыту қоры қызметін өңдеуші өнеркәсіпті дамытуды нақты ынталандыру жағына трансформациялау.

Бұл ретте оны өнеркәсіп саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құрылымына беру мүмкіндігін зерделеу;

4) ірі жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларына отандық тауар/қызмет/жұмыс өндірушілердің кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі нақты тетікті енгізу;

5) жоғары технологиялық өнім өндіретін кәсіпорындарға мемлекеттік қолдауды екпіндеу;

6) кенді, концентратты, бастапқы металды экспорттауға, сондай-ақ алынған шикізат көлемін ел ішінде өңдеуші кәсіпорындардың немесе өз өндірісінің өнімдерін өңдейтін ұйымдардың өткізуіне шектеулер белгілеу;

7) жер қойнауын пайдаланушылардың елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын қабылдауы бойынша міндеттемелерді белгілеу.

1.2. Елдің өнеркәсіптік - инновациялық жүйесінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында:

1) базалық инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымда *(электр, жылу, су, газбен жабдықтау, тазарту құрылыстары және т.б.)* өңдеу өнеркәсібінің қолданыстағы, іске қосылатын және жоспарланатын жобаларының қамтамасыз етілуі мен қажеттілігіне талдау жүргізу, бағалау;

2) барлық әкімшілік, нормативтік және қаржылық кедергілерді болдырмай, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға уақтылы және тең қолжетімділігін қамтамасыз ету.

2. **Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне:**

2.1. Жер қойнауын пайдаланушылар, жүйе құраушы кәсіпорындар, табиғи монополиялар субъектілері, квазимемлекеттік сектор және тауарларды отандық өндірушілер арасында кепілді шарт жасасу тетігін енгізу бөлігінде «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

2.2. Жер қойнауын пайдаланушыларға, жүйе құраушы кәсіпорындарға, табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне офтейк-келісімшарттар және қазақстандық кәсіпорындармен ұзақ мерзімді шарттар жасасу жөніндегі міндеттемелерді белгілеу бөлігінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне және «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізісін.

2.3. Басым тауарлар тізбесіне енгізу үшін тауарды өңдеп жасау деңгейін бағалау әдістемесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. **Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

3.1. Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қайта қарау, топырақтың құнарлылығы деңгейіне және жемшөп базасының болуына негізделген өңірлердің

мамандануын ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемін ұлғайту, сондай-ақ ұйымдасқан шаруашылықтарды субсидиялаудың қолданыстағы тетіктерін кеңейту жөнінде нақты шаралар әзірлесін.

3.2. Шикізаттың жоғары қайта бөлінуін ынталандыру және дамыту, «сұр» импортқа қарсы күрес және логистикалық және әкімшілік кедергілерді жою жөніндегі іс-шараларды көздей отырып, Қазақстанда астық өңдеуді қолдау және дамыту жөніндегі Жол картасы бекітсін.

4. **Ұлттық экономика министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп**:

4.1. Өңдеу өнеркәсібі салаларында салық жеңілдіктерін қолдану тиімділігіне талдау, бағалау және бақылау жүргізсін.

4.2. Жоғары технологиялық қайта бөлу өндірістерін қолдауға баса назар аудара отырып, тиімсіз салық жеңілдіктерін алып тастау және өңдеу өнеркәсібі салаларында қосымша ынталандырушы преференцияларды қолдану жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. **Сауда және интеграция министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп:**

5.1. Сыртқы нарықтарда шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді ілгерілетуде отандық өндірушілерді қолдау жөнінде пәрменді шаралар әзірлесін.

5.2. Отандық өнімді экспорттау кезінде басқа елдердің көптеген кедергілеріне жауап ретінде «айна» шараларын қолдану мәселесін қарастырсын.

6. **Денсаулық сақтау министрлігі** құрамында пальма майы бар тамақ өнімдерінің сапасына міндетті бақылау енгізу жөнінде шаралар қабылдасын.

IV. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 11 мамырда «**Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту жөніндегі шаралар туралы**» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерімен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен бірлесіп**:

- мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен лизингтік қаржыландыруды көздейтін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде республикалық бюджет және (немесе) квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен сенімділік өлшемдеріне сәйкес келетін жеке лизингтік компанияларды жеңілдікпен кредиттеу тетігі көзделсін;

2. **Қаржы министрлігі Ұлттық экономика министрлігімен, Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығымен бірлесіп**:

- корпоративтік банкроттық проблемаларын шешу, экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту үшін қажетті банкроттық және оңалту институттарын жетілдіру мәселелерін қарастыру;

3. **Ұлттық экономика министрлігі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Ұлттық банкпен бірлесіп**:

- мемлекеттік ресурстарды жұмсаудың тиімділігін арттыру үшін экономиканың нақты секторының басым салаларын дамытуға назар аудара отырып, мемлекеттік қолдау шараларын қайта бағдарлау;

4. **Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық экономика министрлігімен, Ұлттық Банкпен, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен және «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ-мен бірлесіп**:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің синдикатына қатысу мүмкіндігін, синдикатқа қатысушылардың функцияларын айқындауды, кредиторлардың бірлескен қызметін үйлестіруді, кредиторлар талаптарының құқықтарын беруді, кепілді тіркеу және кепіл ұстаушылардың құқықтарын іске асыру тәртібін, атқарушылық іс жүргізуді қозғау, банкроттық рәсімдерін, кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындау кезектілігін көздейтін заңнамалық өзгерістерді қарау;

5. **Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық банкпен бірлесіп**:

- синдикатталған қарыздар бойынша тәуекел-салмақтың төмендетілген коэффициентін 50% деңгейінде, тұрақты қорландырудың нетто коэффициентін есептеу кезінде заңды тұлғалардың мерзімді депозиттерін тұрақты қорландыру деп тану мүмкіндігін ұзарту жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ бір қарыз алушыға тәуекелді есептеу, синдикатталған кредиттерді беру, кепілмен қамтамасыз ету және провизиялау шарттары мәселелері бойынша пруденциалдық сипаттағы қосымша шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастыру;

6. **Ұлттық экономика министрлігі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ-мен бірлесіп**:

- синдикатталған қаржыландыру тетігін енгізу бөлігінде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасына өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені пысықтау;

7. **Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Ұлттық экономика және Ауыл шаруашылығы министрліктермен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен бірлесіп**:

- өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі жобаларын синдикатталған қаржыландыру тетігін енгізу бөлігінде және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені пысықтау.

V. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 2023 жылғы 25 мамырда «**Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін арттыру, сапалы орта білім беруді қамтамасыз ету, жоғары және кәсіптік-техникалық білім берудің даму үрдістері**» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар мыналарды атап өтеді.

Қазіргі уақытта адами капиталдың сапасын жақсарту мен оның бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты кілті ретінде сапалы білім мен жоғары біліктілікті дамыту қаралады. Қоғам дамуының басты факторы сапалы білімді меңгерген білікті маман екені айқын.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, дөңгелек үстелге қатысушылар мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін арттыру, сапалы орта білім беруді қамтамасыз ету, кәсіптік-техникалық және жоғары білім беруді одан әрі дамыту мақсатында көтерілген ұсыныстар мен ақпараттарды негізге ала отырып, келесілерді **ҰСЫНАДЫ:**

1. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:**

1.1. мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының кадрлық әлеуетін оларды даярлау, біліктілік және аттестаттау жүйесін жетілдіру, әлеуметтік мәртебесі мен жалақысын арттыру арқылы күшейтуді;

1.2. мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына орындарды ұсыну бойынша кезекті электронды қалыптастыру, оның ішінде мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде қызметтерді толық автоматтандыруды енгізу бойынша ережелерді жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды;

1.3. апатты мектептер мен 3 ауысымдық оқытуды жою және оқушы орындарының тапшылығын қысқарту жөнінде тиімді шаралар қабылдау, халықаралық тәжірибені зерделеу арқылы елімізде оқушыларды бір ауысымдық оқытуға көшу бойынша, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыстардан тәркіленген қаражаттар есебінен мектептерде күрделі жөндеу жүргізу бөлігінде қолданыстағы нормалық актілерге түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар енгізуді;

1.4. кадр тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтарды тарту бойынша бағдарламаны іске асыру жұмыстарын жандандыруды;

1.5. білім беру саласында сапаны сыртқы бағалаудың тәуелсіз жүйесін енгізуді қарастыруды, орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтарының біліктілігін арттыру тиімділігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізуді;

1.6. **Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп** оқу

орындарында қазақ мемлекеттілігінің XV-XX ғасырлардағы еуропалық және американдық карталар деректері бойынша Қазақстан тарихы пәніне жеке тарау енгізуді, сондай-ақ аралас мектептердің орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиетін толыққанды пән ретінде оқытуды қарастыруды;

1.7. **Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп**, оқушыларға әлем тілдерін оқыту үшін интеграцияланған «Duolingo» плеймаркетінде қазақ тілінде цифрлық ресурсты ұсыну жұмыстарын ұйымдастыруды;

1.8. мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мектептерде білім беруді тек мемлекеттік тілде жүргізу қажеттігі және мектеп бітіруші түлектердің мемлекеттік тілді міндетті түрде білу талаптарын енгізу жайлы пікірді зерделеп, ұсыныстар енгізуді;

1.9. кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде дуальды оқыту бағдарламасын тиімді іске асыру, білім алушылардың оқу практикасын қамтамасыз етуші өндірістік кәсіпорындарды ынталандыру мен қолдау шараларын қарастыруды;

1.10. **Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп** ұлттық құндылықтарға негізінделген, ұлттық тәрбиені дәріптейтін сапалы контенттерді жасауды, оларды мектепке дейінгі және орта білім беруде жалпыға бірдей білім беру бағдарламасына енгізуді, ақпараттық құралдарда, оның ішінде әлеуметтік желілерде кең таратуды;

2. **Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:**

2.1. әр өңірде мамандықтарға қажеттіліктердің өңірлік карталарын (кәсіптердің өңірлік атластарын) және кадрларды озыңқы даярлаудың өңірлік стандарттарын әзірлеуді және енгізуді;

2.2. еңбек нарығының сұраныстары мен өңірлік қажеттілікті ескере отырып гранттарды бөлу және тиімді игеруді қамтамасыз етуді;

2.3. **жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп** жұмыс берушілерді кадрлар даярлауға тарту жөніндегі жұмысты жандандыруды, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп кадрларды нысаналы даярлау аясында кәсіпорындарды жоғары оқу орындарына (ЖОО) бекіту жөніндегі жұмысты жүргізуді;

2.4. Бірыңғай республикалық ұлттық педагогикалық университет құру мүмкіндігін қарастыруды;

2.5. ЖОО-да болашақ мамандыққа байланысты емес пәндерді оқыту санын азайту арқылы оларды тәжірибелік пәндердің пайдасына қарай қайта бөлуді қарастыруды;

3. **Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:**

3.1. **Оқу-ағарту министрлігімен, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп** техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына өндірістік оқыту шеберлері ретінде, өндірісте

жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті мамандарды тарту жөніндегі жұмысты жандандыруды;

3.2. Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп, Кәсіптердің ұлттық классификаторында болашақта сұранысқа ие болатын болашақ кәсіптер туралы, сондай-ақ жойылып бара жатқан кәсіптер туралы ғылыми негізделген бөлім-ақпаратты әзірлеуді және бекітуді;

4. **Жергілікті атқарушы органдарға:**

4.1. мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды және барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін бір реттік ыстық тамақпен қаржыландыру жөнінде шаралар қабылдауды;

4.2. **Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп** қалалық және ауылдық жерлерде орта білім беру ұйымдарын кемінде 80 Мбит/с, қауіпсіз және үздіксіз интернетпен қамтамасыз етуді;

4.3. меншік нысанына қарамастан орта білім беру ұйымдарын оқу жылына арналған мектеп оқулықтарымен, оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды;

4.4. **Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп** техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу-өндірістік шеберханаларын материалдық-техникалық жарақтандыруды тұрақты жаңарту жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ осы білім беру ұйымдарында дуальды оқыту практикасын жетілдіру және колледж кәсіпорындарына қамқорлық, қолдау көрсету;

4.5. техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дуальды оқыту және кәсіпорындардың колледждерге қамқорлығы бойынша өзара іс қимыл тәжірибесін жетілдіру;

4.6. мектепке дейінгі және орта білім беретін мемлекеттік және жеке меншік оқу орындарын ірі және орта конгломерацияларда пропорционалды орналастыру арқылы оларға жергілікті тұрғындардың тең қол жеткізуін қамтамасыз етуді;

4.7. білім беру объектілері құрылысы бойынша инвестициялық жобаларға жер учаскелерін бере отырып, жеке инвесторларды қолдау жөнінде шаралар қабылдауды, сондай-ақ **Қаржы министрлігімен бірлесіп**, пайдаланылмайтын ғимараттарды жеке білім беру ұйымдарына негізгі қызмет түрінің шарттарын сақтай отырып жалға немесе кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігін қарастыруды.

VI. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 26-27 мамырда «**Ауылдық жерлерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту**» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

1.1. Инвестициялық салымдарды субсидиялаудың жаңа қағидаларын әзірлеу кезінде ұңғымалар мен құдықтар құрылысын субсидиялаудың талаптары мен шарттарын қайта қарау, сондай-ақ жергілікті аумақтардың табиғи-климаттық ерекшеліктеріне сәйкес аудандық коэффициенттерді субсидиялау нормативтеріне қолдану мүмкіндігін қарастыру.

Бұл ретте, Маңғыстау облысының табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, ұңғымаларды салуға жұмсалатын шығындардың жол берілетін сомасын 40 мың теңгеден 80 мың теңгеге дейін (бір сызықтық метр үшін), субсидиялауға жататын ұңғыманың тереңдігін 100 метрден 800 метрге дейін ұлғайту көзделсін, бір ұңғыманы суару алаңы 500 гектарға дейін жайылымды құрайтынын ескере отырып, сондай-ақ ұңғыманы шаруа қожалықтарының су көздерін салуға жұмсаған шығындарын өтеу үлесін субсидиялау мүмкіндігі 80%-дан төмендетпеу мүмкіндігін қарастыру;

1.2. **АҚ «Аграрлық несие корпорациямен» бірлесіп** «Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі» порталында туындап отырған кемшіліктерді жойып, субсидия алуға ниет білдірген шаруа қожалықтарының күту парағы жұмысын жаңарту және басқа да мәселелерін тездетіп шешу;

1.3. **Ветеринария саласы бойынша**:

- ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 Қаулысының 15-қосымшасы 2 тармағына өзгеріс енгізе отырып, ветеринар мамандарға белгіленген лауазымдық айлығына 40% үстемақы міндетті төленуіне мүмкіндік жасау және мамандардың жалақысын көтеру мақсатында ветеринария саласында ақылы қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

- Маңғыстау облысына Атырау облысынан кіретін басты жолға, облыс аумағына құжаттары жоқ және ауру малдардың кіріп кетуінің алдын алу мақсатында ветеринариялық – полиция бекетін құру мәселесін қарастыру;

- Саланы цифрлық негізге көшіру жөніндегі іс-шараларды 2023 жылдың аяғына дейін толығымен орындалуын қамтамасыз ету;

- Саланың материалдық-техникалық базасын жаңарту, мал ауруларының алдын алу, емдеу және де сараптамалар жасаудың заманауи озық әдістемелерін енгізу мақсатында, осы салаға жеке инвестициялардың келуін ынталандыруға бағытталған тиісті заңнамалық негіз жасау мүмкіндігін қарастыру;

- Сала мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында арнайы оқу бағдарламаларын дайындап бекіту.

2. **Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне:**

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрлігімен бірлесе отырып, Маңғыстау облысының қатал континентальды, құрғақ табиғи-климаттық ерекшелігін және дәнді дақылдар өндіретін облыстардан шалғайда орналасқанын ескере отырып, астық қабылдайтын және оны өңдейтін кәсіпорындардың астықты тасымалдауға кеткен шығындарын субсидиялау мүмкіндіктерін қарастыру.

3. **Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

3.1. Өңірлердегі, соның ішінде Маңғыстау облысындағы қаңғыбас және ауру иттердің мәселесін зерделеп, оларды жоюды іске асыру;

3.2. Маңғыстау облысы Қарақия ауданының табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, су тапшылығының алдын алу мақсатында бұлақ, жаңбыр және қар суларын жинайтын арнайы орындар салу үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу;

3.3. Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін суландыру құрылыстарын (суландыру каналдары, суағарлар, құдықтар) пайдалануды ортақ су пайдалану тәртібінде жүргізуді қарастыру.

4. **Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне:**

4.1. **Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп**, жайылымдарды суландырып, оның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жер асты суларына зерттеу жұмыстарын жүргізу;

4.2. Қыстық жайылымды сақтап, жерді тоздырмай, шаруаларға оңтайлы жағдай жасау негізінде оңтүстік қырға (Үстіртке) 155 - шақырым грейдер жол салу мүмкіндігін қарастыру;

4.3. Ақшымырау, Қызан, Тұщықұдық, Шебір, Шайыр елді мекендерінің шаруалары мен тұрғындарының ауыларалық қатынасы үшін Өрмелі-Қайдақ 16 шақырым сор ішінен жол салу арқылы Бозащы түбегін қырға шығару мәселесін қарастыру.

5. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесе отырып:**

5.1. Маңғыстау ауданының Сайөтес ауылдық округінің Боздақ елді мекеніндегі жалпы білім беретін екі бөлмелік бастауыш мектебіне, қосымша акт зал, асхана, спорт зал және тағы 2 - оқушылар бөлмесін қосу бойынша құрылыс салу мәселесін қарастыру;

5.2. «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында мектептерден тыс қосымша білім беру нысандарының құрылысын, соның ішінде заманауи үлгідегі оқушылар сарайы, жастар орталықтарын және балалар үшін сауықтыру лагерлерін салу мәселесін қарастыру.

6. **Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне:**

6.1. Қыстық жайылымда тұратын шаруаларға оңтайлы жағдай жасау үшін оңтүстік қырға (Үстіртке) мобильді байланыс орнату мүмкіндігін қарастыру;

6.2. «**Қазпошта**» **АҚ-мен бірлесіп**, Маңғыстау облысының ауылдық жерлерінде екінші деңгейлі банктер, халыққа қызмет көрсету орталықтары мен басқа да қаржылық құрылымдардың барлық қызмет түрін жасайтын мамандандырылған пошта бөлімшесін ашу мәселесін қарастыру.

7. **Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесе отырып:**

2023-2024 жылдары жылыту маусымына сапалы дайындалу үшін «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС-на қысқа мерзімде ҚР Үкіметінің резервінен тозған жабдықтарды сатып алу және ауыстыру мақсатында 4,9 млрд. теңге қаражатын бөлу мәселесін көтеру.

8. **Маңғыстау облысының әкімдігіне:**

8.1. Бейнеу ауданында көктемгі жаңбырдың мөлшерден аз түсуіне байланысты шаруа қожалықтарына көмектесу үшін ҚР Жер кодексі мен басқа қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес, көрші Ақтөбе, Атырау облыстарымен шектесетін жерлерін мал шаруашылығы және шөп шабу мақсатында уақытша пайдалануға алу туралы тиісті ұсыныстарды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыну;

8.2. Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты Маңғыстау ауданындағы «Басқұдық-Бекі» аралық ауыз су құбырын іске қосу;

8.3. Маңғыстау аудандық орталық аурухана ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу және аудан елді мекендеріндегі фельдшерлік амбулаториялық пункт (ФАП) ғимараттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу;

8.4. Маңғыстау облысының шаруа қожалықтары үшін мал азығының тұрақтандыру қорын құру және мал азығын тұрақты дайындап отыру мақсатында шөптерді тартып ұсату, оған витаминдік қасиеті бар компоненттерді аралыстырып құнарлы қоспа жасау үшін жергілікті жерлерден жемшөп цехтардың жұмысын ұйымдастыру.

VII. Қаржы және бюджет комитеті 2023 жылғы 12 маусымда «**Салық саясатының өзекті мәселелері және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру**» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша **Қазақстан Республикасының Үкіметіне** мынадай ұсынымдар берілді:

- экономиканың түрлі секторларында сараланған салық ставкаларына (КТС, ҚҚС) тәсілдерді әзірлеу;
- технологиялық жаңғыртуға және ғылыми әзірлемелерді енгізуге бағытталған КТС-ты пайдадан төмендету немесе босату тетігін енгізу;
- салық төлеуден жалтару тәуекелдерін азайту мақсатында арнайы салық режимдерін жеңілдету;
- салалық мемлекеттік органдар оларға қатысты жеңілдіктерге тиімділігі бойынша талдау жүргізілмеген және де мұндай талдау соңғы 5 жылда берілген жеңілдіктердің тиімсіздігін көрсеткен нормалар Салық кодексінен алып тастау;

- салықтық әкімшілендіруді жаңартуды қамтамасыз ету;
- қолданылған салық жеңілдіктерінің сомасы бойынша толық деректерді көрсету үшін салық есептілігі нысандарындағы жолдарды нақтылау;
- салықтық бақылауды цифрландыруды қамтамасыз ету;
- еңбекақы төлеу қорына жүктемені азайту және нақты жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен қамтуды кеңейту мақсатында әлеуметтік салықтың күшін жоя отырып, барлық әлеуметтік төлемдерді (міндетті зейнетақы жарналарынан басқа) Бірыңғай төлемге біріктіру;
- тікелей инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін, оның ішінде инвестордың пайдасына жиынтық салық жүктемесін ескере отырып шарттар белгілеу ұсынады.

Отырыстар

I. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2023 жылғы 23 мамырда **Қазақстан Республикасы Президентінің VIII шақырылымдағы Парламенттің I сессиясының ашылуында берілген тапсырмалары шеңберінде адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында тиімді құқықтық тетіктер құру мәселелері жөніндегі** отырысының өткізіп, оның нәтижелері бойынша осы саладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған тиісті шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметіне келесі ұсыныстары жолдады:

- адам саудасына қарсы іс-қимыл саясатындағы құрбандардың қажеттіліктері мен мүдделерінің құқық үстемдігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен қылмыстармен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мониторингін қоса алғанда, адам саудасы туралы деректерді жинауды қамтамасыз ету және тұрақты түрде ұлттық баяндаманы әзірлеу мақсатында қолданыстағы институттардың базасында ұлттық үйлестіруші және тәуелсіз ұлттық баяндамашы институтын немесе осыған ұқсас тетікті құру мәселесін қарау;
- әрбір тартылған құрылымның функциялары мен құзыреттерін бекіту, бірлесіп жұмыс істеу үшін жеткілікті қаржы ресурстарын бөлу, үйлестіру мен өзара іс-қимылдың нақты рәсімдерінің болуы және орындаудың тұрақты мониторингі арқылы мемлекеттік құрылымдардың, азаматтық қоғамның және бизнес-қоғамдастықтың ведомствоаралық өзара іс-қимылы мен әріптестігін тиімді дамытуға ықпал ету;
- адам саудасына байланысты қылмыстардың алдын алуға және осындай қылмыстардың құрбандарын оңалтуға бағытталған алдын алу шараларының тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- адам саудасына қарсы іс-қимыл және оның құрбандарын қорғау мәселелерінде, оның ішінде елдегі оқу орындарында халықтың құқықтық және цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- қылмыстық заңнама нормаларын халықаралық стандарттардың ережелеріне сәйкес келтіру, атап айтқанда, адам саудасының құрбандарын тиімді сәйкестендіруді және олардың сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында «адам саудасы» ұғымын айқындау;

- халықтың осал топтарымен және болашақ жұмыс берушілермен және адам саудасының жәбірленушілерімен жұмыс жасау жөніндегі мобильді топтардың пилоттық жобаларын кеңінен енгізуді қамтамасыз ету;

- адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілердің халықаралық шарттарға сәйкестігіне үздіксіз мониторинг жүргізу.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ

I. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары Комитеті «**Мемлекеттік қызмет туралы заңнамадағы жаңалықтар**» тақырыбы бойынша 2023 жылғы 30 наурызда көшпелі отырыс өткізіп, оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар ұсынылды:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ұсынады:

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі шектеулерді қайта қарауға қатысты нормативтік қаулысын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2. Өңірлерде белсенді және талантты жастарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында «Өңірлік кадр резерві» жобасын сапалы іске асыруды қамтамасыз етсін;

3. «Е-қызмет» ИАЖ базасында Мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесін толық цифрландыруды, сондай-ақ оны барлық мемлекеттік органдарда енгізуді және масштабтауды қамтамасыз етсін;

4. «Е-қызмет» ИАЖ масштабтау шеңберінде құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің жеке істерін жүргізу бойынша жұмыс жүргізсін;

5. Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауын мониторингілеу, қашықтықтан және аралас қашықтықтан жұмысты енгізу, икемді жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілеттіктерін іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне

мемлекеттік басқаруды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі функцияларды беру мүмкіндігін қарастыру, оның ішінде:

- мемлекеттік органдардың әкімшілік және саяси қызметшілерінің штат санының лимиттерін бекіту бойынша;
- мемлекеттік әкімшілік және саяси қызметшілердің қызметіне функционалдық талдау жүргізу бойынша;
- мемлекеттік әкімшілік және саяси қызметшілерге еңбекақы төлеу мөлшерін анықтау бойынша.

7. Мемлекеттік органдар үшін мемлекеттік қызмет саласындағы новелаллар мәселелері бойынша оларды біркелкі қолдану үшін оқыту семинарларын өткізсін;

8. Мемлекеттік қызметшілер арасында олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер бөлігінде түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізсін.

II. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2023 жылғы 25 сәуірде **қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік мәселелері жөнінде** (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі негізінде) көшпелі отырысының және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылығымен оның міндеттері мен функцияларын іске асыруды заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесуін өткізіп**,** оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар ұсынылды:

1. **Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігіне**:

1.1. Мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен әр түрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде *(31.12.2022 ж. №1147 ҚРҮҚ)* белсенді ақпараттық – түсіндіру шаралары қабылдансын.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа бейім ең сезімтал салаларды анықтау бойынша талдау жұмыстары күшейтілсін.

1.3. Өңірлер тұрғындарын толғандыратын әлеуметтік – маңызды салаларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептері мен оларды тудыратын жағдайларды жоюға бағытталған шаралар қабылдансын.

1.4. Мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік секторда мүдделер қақтығысын шешу сұрақтары қарастырылсын.

1.5. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын методологиялық қолдау бойынша шаралар қабылдансын.

1.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін әзірлеу мақсатында БАҚ әлеуетін

пайдалана отырып, халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты масштабтау үшін азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жөніндегі негізгі тәсілдер әзірленсін.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылғы 28-29 сәуірде **Жетісу облысына ауылдық аумақтарды дамыту және «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру мәселелері жөніндегі** комитеттің көшпелі отырысын өткізді.

Ауылдық аумақтарды дамыту және «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің, су шаруашылығы өкілдері және басқа да қатысушылармен болған кездесулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті мыналарды **ұсынады:**

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру және ондағы белгіленген нысаналы индикаторларды іске асыру бойынша шаралар қабылдау;

1.2. Мүмкіндіктерді қарастыру:

- ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қосылған құн салығынан босату;

- шаруа және фермер қожалықтары салықтарды уақтылы төлемеген жағдайда қолданылатын әкімшілік шараларды оңтайландыру және шоттарды бұғаттаудың шекті деңгейін есепке алу;

- ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымын қолданбау;

- «ҚазАзот» АҚ-ның үлгісі бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері сатып алатын минералды тыңайтқыштардың құнын субсидиялау үшін отандық минералды тыңайтқыш өндірушілердің шоттарына (аударым өтінімдері) қаражат аудару;

- ауыл шаруашылығын қаржыландыру мәселелерін шешу үшін мамандандырылған Агробанк құру;

2. **Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

2.1. Суармалы жерлердің ауданын ұлғайту мақсатында Жетісу облысының суару желілері мен гидротехникалық құрылыстарын қалпына келтіруге көмек көрсету.

2.2. Мыналар бойынша шаралар қабылдау:

- суару арналары мен су қоймаларына түгендеу жүргізу, суармалы судың кепілді көлемімен қамтамасыз етілген суармалы жерлердің алаңдарын айқындау;

- суармалы жерлерді ағын сумен қамтамасыз етуге арналған иесіз каналдарды, су қоймаларды және басқа да су объектілерін мемлекет меншігіне қайтару.

2.3. **Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Жетісу облысының әкімдігімен бірлесіп**, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін суармалы жерлерде су үнемдеу технологияларын енгізуге ынталандыру жөніндегі пәрменді тетіктерді әзірлеу және судың цифрлы есебін қолдануды кеңейту.

2.4. Қорғас, Өсек және Тышқан трансшекаралық өзендерінде су қоймалар салу үшін жобалау-сметалық құжаттамаларды (ЖСҚ) дайындауға республикалық бюджеттен қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру.

2.5. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Жетісу облысының әкімдігімен бірлесіп**, суару желілеріндегі ирригациялық құрылыстардың жай-күйі және ағын сумен қамтамасыз ету мәселелері бойынша жағдайды зерделеу мақсатында комиссия құру.

3. **Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

Қамтамасыз етсін:

3.1. Gosagro.kz электронды порталындағы техникалық проблемаларды шешу, сондай-ақ осы порталды енгізген тұлғалардың жауапкершілігі мәселесін қарау;

3.2. ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нысаналы және ұтымды пайдаланылуды мемлекеттік бақылау жөніндегі жұмыстарды күшейту, пайдаланылмайтын жерлерді алып қою, жерге ғарыштық мониторингті белсенді енгізу;

3.3. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

- агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне ауыл шаруашылығы жануарларын, техникалар мен технологиялық жабдықтарын сатып алу мақсатында кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін арзандату үшін көзделген қаражатты (өтемақы) тауар өндірушілерге уақтылы қайтару.

3.4. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру:

- соңғы жылдары бағалардың бірнеше есе өскендігіне және белгіленген нормалар нақты бағаларды көрсетпейтіндіктен, АӨК субъектілерінің жабдықтар мен техниканы (инвестициялық субсидияларды) сатып алуға жұмсаған шығындарының бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидаларына, соның ішінде белгілі бір жабдықты сатып алуға жұмсалатын шығындардың шекті рұқсат етілген сомасын ұлғайту бөлігіне;

- тұқым шаруашылығын субсидиялау бағыты бойынша қолданыстағы Қағидалар шеңберінде барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының нормативтерін 30 пайызға ұлғайту бойынша өзгерістер енгізу;

- тұқым шаруашылығын субсидиялау бағыты бойынша қолданыстағы Қағидалар шеңберінде құнның қымбаттауына байланысты барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының нормативтерін 30%-ға ұлғайту;

- мал шаруашылығы саласындағы орта бизнесті дамыту басымдығын ескере отырып, ірі қара малдың тауарлық-аналық басын субсидиялау үшін мал басының нормативін қайта қарау бойынша.

4. **Жетісу облысының әкімдігіне:**

4.1. Суармалы жерлердің инфрақұрылымын салу және реконструкциялау бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы уақтылы дайындауды қамтамасыз ету.

4.2. Мемлекеттік бағдарламалар мен басқа да жобалар бойынша қаражат бөлу кезінде тірек ауылдардың басымдығы көзделсін.

4.3. Мыналар бойынша шаралар қабылдау:

- қолданыстағы заңнамада белгіленген нормативтерге сәйкес елді мекендердегі мал басын реттеу;

- жайылымды пайдалану бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерін, сонымен қатар фермерлік қауымдастықтарды құру.

4.4. **Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетімен бірлесіп** Кербұлақ ауданындағы мектеп құрылысының мәселесін қарастыру.

IV. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің 2023 жылғы 12 мамырдағы Ақмола облысына **агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі** комитеттің көшпелі отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Келесідей шараларды қабылдау:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын бюджеттік қаржыландыру жолымен жеңілдетілген кредиттеуді, лизингті кеңейту есебінен АӨК субъектілерін қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру;

- форвардтық сатып алу бағдарламасы бойынша АӨК субъектілерінен кепілдік берілген 800 мың. тонна көлеміндегі астықты сатып алуын қамтамасыз ету үшін «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту және 100 млрд. теңге бюджеттік кредит бөлу;

- ЕАЭО-ға мүше Тараптар арасында қабылданған уағдаластықтарды орындау мақсатында Ресей Федерациясы тарапынан тыйымдарды жою арқылы экспортты ұлғайту;

- отандық ірі және орта кәсіпорындар үшін сыртқы инфрақұрылымдық жүйелерді салуға бюджет қаражатын уақтылы бөлу (жұмыс жоспарына сәйкес).

1.2. Келесідей мүмкіндіктерді қарастыру:

- орта мерзімді негізде АӨК субъектілерін қолдау мақсатында көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары бойынша іс-шараларды өткізу үшін жыл сайын 160 млрд. теңгеге дейін қаржыландыру;

- Ақмола облысының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін мемлекеттік қолдаумен толық қамту мақсатында республикалық бюджеттен жалпы сомасы 34,7 млрд. теңгеге, соның ішінде бағдарламалар бойынша трансферттер түрінде қосымша бюджет қаражатын бөлу;

- ауылдық елді мекендерінің ішіндегі жолдарды және ауыл шаруашылығы объектілеріне кірме жолдарды жөндеуді өз есебінен жүзеге асыратын тұлғаларға жер қойнауын пайдалануға лицензия рәсімдемей, қиыршық тас пен сүрек өндіруге қол жеткізуге рұқсат беру.

1.3. Қытай Халық Республикасына ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауды жүзеге асыратын отандық кәсіпкерлерге кеден бекеттерінде вагондар мен жүк автомобильдерінің кептелісін шешуге ықпал ету.

2. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:**

2.1. Келесілерді қамтамасыз ету:- Мемлекет басшысының бастапқы тұқым шаруашылығын дамыту және аграрлық ғылымды ынталандыру жөніндегі тапсырмасының сапалы орындалуын қамтамасыз ету;

- импортты алмастыру жөніндегі инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг пен бақылауды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану есебінен, оның ішінде ғылыми негізделген ауыспалы егістерді енгізуді жүзеге асыратын және топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру жөнінде шаралар қабылдайтын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ынталандыру жолымен мал азығы, жарма, бұршақ және майлы дақылдар алаңдарын кеңейте отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыруды қамтамасыз ету.

2.2. Мемлекет басшысының 2023 жылдың соңына дейін 5 млн. га пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін одан әрі қайтару жөніндегі тапсырмасын орындау бойынша жұмысты жалғастыру.

2.3. Келесілер бойынша шаралар қабылдау:

- сақтау инфрақұрылымын құру және көкөніс қоймаларының тапшылығын азайту;

- 2021 – 2025 жылдарға арналған мал азығы өндірісі саласын дамыту жөніндегі Жол картасын іске асыру, сондай-ақ шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелерін суландыру;

- АӨК-і субъектілерінің білімін шағын, орта және агробизнеске тарату жүйесін кеңейту және бағдарлау;

- мемлекеттік қолдау шараларын алу мәселелерінде шаруа

қожалықтарының қолжетімділігі мен ақпараттандырылуын қамтамасыз ету мақсатында өтінім беруден бастап оны алуға дейінгі қадамдық бейне-нұсқаулықпен оқыту роликтерін дайындау;

2.4. Субсидиялаудың барлық қағидаларын қабылдауды жаңа тәсілдерді ескере отырып жеделдету және АӨК-ні субсидиялаудың жаңа ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

2.5. «Gosagro.kz» бірыңғай мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде күзгі-дала жұмыстарына дизель отынының көлемін алу бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзарту мүмкіндігін қарастыру.

2.6. Жеке ауладағы мал жаюға арналған жайылым алқаптарының тапшылығы мәселесін шешу мақсатында ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрлері мен жер санаттарына қатысты жерді алып қою мүмкіндігі бөлігінде ҚР Жер кодексіне тиісті өзгерістер енгізу мәселесін қарастыру және кепілдегі жерлерді алып қою мүмкіндігі туралы норманы, сондай-ақ жосықсыз жер пайдаланушылармен жалдау шартын ұзартудан бас тарту үшін негіздемені көздеу.

2.7. «Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы» ЖШС-ті Қостанай облысының Қарабалық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясымен (АШТС) іріктіруді тоқтата тұру мәселесін қарастыру, себебі екі ұйымды географиялық орналасуына орай біріктіру орынсыз болып есептеледі.

2.8. **Келесідей министрліктермен бірлесіп:**

ҚР Ұлттық экономика және **ҚР Қаржы министрліктерімен:**

- мемлекеттік қолдау шараларының тұрақтылығын, соның ішінде «Макинск құс фабрикасы» ЖШС-нің инженерлік инфрақұрылымдарын жүргізуге қосымша қаржы қаражаттарын бөлуді қамтамасыз ету;

- құс шаруашылығы саласын экспорттау кезінде ҚҚС-ты оңайлатылған қайтаруға, инвестициялық субсидияларды ауыл шаруашылығы өнімін өндіруден алынған кірістер деп тануға (Салық кодексі), сондай-ақ АӨК-ні мемлекеттік қолдауға арналған бюджет қаражаттарын нысаналы пайдалануға қатысты (Бюджет кодексі) заңнамалық деңгейде қолдау көрсету;

- өндірілетін өнімді арзандату мақсатында жеке қосалқы шаруашылықтар үшін шикізатқа ҚҚС қолдануды болдырмау мәселесін зерделеу және шикізат тапшылығы, оның ішінде шикізат сапасы бойынша мәселелерді пысықтау.

ҚР Қаржы министрлігімен:

- бюджетті нақтылау кезінде нысандарды пайдалануға беру кезінде инвестордың кепілдендірілген субсидия алуын қамтамасыз етуді қарастыру;

- Ақмола облысының инвестициялық жобаларына жылдық 2,5%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен арнайы жеңілдікті кредиттеу бойынша жаңа сүт-тауар фермаларын құру бойынша қолдау көрсету;

- 2020 жылы күші жойылған «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы бағдарламасын» қайта жаңғыртуды қарастыру;

- «РМШАО «АСЫЛ ТҮЛІК» АҚ өндірістік ғимаратын Ақмола облысының Қосшы қаласынан тыс жерлерге көшіруді қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен қажетті қаржы қаражаттарын бөлу жөнінде шаралар қабылдау.

ҚР Сауда және интеграция министрлігімен:

- делдалдар тізбегін болдырмау мақсатында супермаркеттер сөрелерінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу мәселелерін пысықтау, соның ішінде «Гормолзавод» ЖШС-нің сауда орталықтарымен қарым-қатынасын зерделеу және оның өнімдерінің ірі мегаполистердің ірі сауда сөрелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- ішкі нарықты, отандық тауар өндірушілерді жосықсыз бәсекелестіктен, соның ішінде демпингтік импорттан қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен ҚР Экология кодексінің 147 бабының 1 тармағында «болашақта туындайтын» деген сөздерді алып тастау бөлігінде, яғни қаржылық қамтамасыз ету кәсіпорынды жою фактісі бойынша жүзеге асырылуы тиістігі жөнінде өзгеріс енгізуді қарастыру.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен қысқа мерзімде «Gosagro.kz» бірыңғай мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесіндегі техникалық ақаулықтарды жою, атап айтқанда, келесі бағдарламалар бойынша:

- «Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау»;

- «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау»;

- «Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу»;

-«Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бағдарламасы бойынша.

- «Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау».

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен импортты алмастыру және экспорттық әлеует шеңберінде әкімдіктер мәлімдеген жобаларды қаржыландырумен қамтамасыз ету, сондай-ақ АӨК-і қаржыландыру мәселелері бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігімен тығыз өзара іс-қимылды жалғастыру.

«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ-мен құс шаруашылығы саласын жеткілікті жем базасымен қамтамасыз ету, мүмкіндіктерін қарастыру, баға белгілеу саясатын бақылауда ұстау.

ҚР Ұлттық экономика министрлігімен, «Атамекен» ҰКП» АҚ-мен және **Қауымдастықтармен** бірыңғай аграрлық салықты енгізу мәселесіне талдау жүргізу.

3. **Облыс әкімдіктеріне:**

3.1. Көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз ету;

3.2. Мемлекет басшысының «Ауыл аманаты» жобасын ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі масштабтау жөніндегі тапсырмасын орындау жөнінде жан-жақты шаралар қабылдау;

3.3. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы қаржыландыру бойынша Солтүстік Қазақстан облысының табысты тәжірибесін тираждау есебінен АӨК саласындағы ірі өнеркәсіптік инвестициялық жобалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

I. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 2023 жылғы 4 сәуірде **Астана қаласы Полиция департаменті «Есіл» ауданының полиция басқармасының базасында Астана қаласының учаскелік полиция инспекторларымен кездесу (сервистік полиция, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және т.б. мәселелері бойынша)** өткізіп, оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар ұсынылды:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Полицияның сервистік модельге көшуі мақсатында полиция учаскелерін және патрульдік полицияны материалдық-техникалық жарақтандыруды жақсарту жөнінде шаралар қабылдау.

1.2. Астана қаласының патрульдік полиция полкінің жеке құрамын орналастыру үшін жаңа әкімшілік ғимарат беру мәселесін қарастыру.

1.3. Штат санының ұлғаюын және қорғалатын объектілер маңындағы түрлі дағдарыстық жағдайларға жедел ден қоюды ескере отырып, арнайы жедел ден қою жасағы (АЖКЖ) үшін екінші әкімшілік ғимарат салу туралы мәселені қарастыру.

1.4. Азаматтыққорғанысоргандары,авариялық-құтқаруқызметтері мен құралымдары, сондай-ақ өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің жалақысын, ақшалай үлесін және әлеуметтік пакетін, оның ішінде тұрғын үй төлемдерін кезең-кезеңімен ұлғайту, зейнеткерлік жасын қысқарту мәселесін қарау.

2. **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне:**

2.1. Қазақстандық полицияның кәсіби сервистік бағдарланған моделін құру бойынша кезеңдік жұмыстарға талдау жүргізу.

2.2. Мүдделі мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен қол жеткізу үшін «Азаматтық қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамалар» жобасын талқылауды қамтамасыз ету:

- азаматтардың өмірі, денсаулығы мен мүлкінің қорғалу деңгейін арттыру;
- құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жүйесін құру;
- полицияны қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заманауи тиімді ұйымға айналдыру.

2.3. Полиция жұмысының сапасын арттыру және ішкі істер органдарын реформалау жөніндегі мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді қол жеткізу үшін сервистік модельді енгізудің оң тәжірибесін масштабтау бойынша негізгі тәсілдерді әзірлеу.

II. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылдың 7 сәуірінде **Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі басшылығымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі** кездесуде берген ұсынымдары:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Ұзақ мерзімді перспективада биологиялық әртүрлілікті және экожүйелерді сақтау мен орнықты пайдалануды қамтамасыз ету үшін келесі құжаттарды қабылдау мүмкіндігін қарастыру:

Қазақстан Республикасындағы биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдаланудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамалары;

орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту саласындағы жеке орта мерзімді бағдарламалық құжат.

1.2. Жаңа редакциядағы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеуді Заң жобалау жұмыстарының жоспарына енгізу туралы мәселені қарастыру.

1.3. Орман және табиғатты қорғау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтандыруға, сервистік инфрақұрылымды (әкімшілік ғимараттар, қызмет көрсету қоршаулары) жаңарту және салуды қаржыландыру көлемін ұлғайту мәселесін қарастыру.

1.4. Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы көмекші қызметкерлердің еңбекақысын арттыру мәселесін қарастыру.

2. **Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне:**

2.1. Биологиялық әртүрлілікті сақтау және пайдалану

саласындағы заңнаманы нығайту және жетілдіру бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізу.

2.2. Мына мәселелер бойынша іс-шаралар қабылдау:

- қолданыстағы заңнама шеңберінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді дамыту, рекреациялық ағындарды бақылау және жалпы экожүйеге түсетін жүктемені азайту мақсатында өткізу пункттерін автоматтандыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жануарлардың санын реттеу;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман өрттерін ерте анықтаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;

- туризм саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда 10 үздік туристік жобаларды іске асыру;

- мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау және жануарлар дүниесінің өсімін молайту үшін жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру.

2.3. Заңсыз пайдаланудағы, сондай-ақ нысаналы мақсатына сәйкес келмейтін объектілер орналасқан жерлерді анықтау мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерлерге түгендеу жүргізу.

2.4. Мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан мемлекеттік орман қоры және басқа жерлердегі бекітілген аңшылық алқаптарды қайтару бойынша шара қолдану.

2.5. Арал теңізінің кеуіп қалған түбінің табиғи кешендері мен олармен байланысты табиғи және тарихи-мәдени объектілерін абаттандыру, қалпына келтіру және биологиялық әртүрлілігін сақтау мақсатында мемлекеттік табиғи резерватын құру мәселесін қарастыру.

2.6. Жеке қосалқы шаруашылықтың ауылшаруашылық жануарларын жайылыммен қамтамасыз ету мақсатында, орманмен қамтылмаған, ауылдық елді мекендердің шекарасынан 20 шақырымға дейін қашық орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерін кент, ауыл, ауылдық округтер әкімдерінің қарамағына беру мүмкіндігін қарастыру.

2.7. Орман шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау және оқыту мақсатында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп қазақстандық ғалымдардың еңбектері мен әзірлемелері қамтылған оқулықтарды басып шығару мүмкіндігін қарастыру.

2.8. Өрт қауіпсіздігі мақсатында тікұшақ қызметін көрсету операторын құруды қарастыру.

3. **Облыс әкімдіктеріне:**

3.1. Орман шаруашылығы мекемелерін өртке қарсы техникамен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін қолданыстағы нормалар мен стандарттарға сәйкес келтіру.

3.2. Орман және дала өрттерін ерте анықтау тұрғысынан жаңа технологияларды енгізу мәселесін қарастыру.

III. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2023 жылдың 25 мамырында **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі басшылығымен суармалы жерлерді пайдалану және су үнемдеу технологияларын енгізу туралы** өткізілген тыңдаудың ұсынымдары:

1. **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасында қолданыстағы су ресурстарының көлемін ұлғайту, экономика салаларында судың өнімді емес ысырабын азайту жөніндегі шаралар кешенін қарастыру;

2. **Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі келесі шаралар қабылдасын:**

2.1. қолданыстағы су ресурстарының есебі жүйесін жетілдіру;

2.2. суармалы егіншілікте суды есепке алу және бақылау, ирригациялық инфрақұрылымдарды цифрлау;

2.3. суармалы егіншілік үшін суармалы суды пайдаланудағы тарифтік саясатты қайта қарау;

3. **Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі қамтамасыз етсін:**

3.1. жаңбырлы дақылдардың үлесін төмендету жолымен суармалы жерлерде ауыл шаруашылық дақылдарын әртараптандыру;

3.2. су үнемдеу технологияларын ендіру жұмыстарын мемлекеттік қолдау механизмдерін жетілдіру, су беру бойынша субсидияларды саралау жұмысын жүргізу, субсидиялау қағидаларына фермерлерге жеткізілетін судың көлемін айқындау бөлігінде өзгеріс енгізуді қарастыру;

3.3. суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту бойынша жүргізілетін іс-шара жоспарларын күшейтуді;

3.4. жердің құнарлығын сақтау және молайтуға қатысты заң жобаларын әзірлеу, суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайы бойынша тиісті картограммаларды жергілікті атқарушы органдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

4. **Жергілікті атқару органдарына:**

4.1. Республиканың оңтүстік өңірлерінде ылғал сүйгіш дақылдардың көлемін қысқартып, рентабельді өнімділігі жоғары дақылдардың көлемін арттыру бойынша егіс құрылымын әртараптандыру жұмыстарын жүргізу;

4.2. Су объектілерінің ағын су өткізу қабілеттілігін арттыру мақсатында облыстық бюджет шегінде, ағымдағы жөндеу және механикалық тазалау жұмыстарын тұрақты жүргізуді қамтамасыз ету.

VI. СЕНАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламенттік дипломатия құралдарын дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған.

2023 жылғы 29 наурыз бен 30 маусым аралығында келесі іс-шаралар орын алды:

ресми сапарлар, келіссөздер, кездесулер:

31 наурыз – Израиль Мемлекетінің Қазақстандағы Елшісі Э.Глусманмен кездесу *(М.Әшімбаев);*

4 сәуір – Алжир Мемлекетінің Қазақстандағы Елшісі К.Фенишпен кездесу (*Ж.Асанов*);

6 сәуір – Индонезия Халықтық консультативтік конгресі Өңірлер Өкілдері Кеңесі Төрағасының орынбасары Н.Сампономен кездесу (*М.Әшімбаев, А.Шәкіров, С.Алдашев, С.Ершов, Е.Айткенов, Б.Жексенбай*);

11 сәуір – Иордания Мемлекетінің Қазақстандағы Елшісі Ю.Абдельғанимен кездесу (*Н.Жүсіп, Н.Бекенов, А.Өтеғұлов*);

12-13 сәуір – М.Әшімбаевтың Ресей Федерациясына ресми сапары (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Шәкіров, Н.Жүсіп, С.Алдашев, О.Булавкина, С.Карплюк, А.Арғынбекова, Г.Шиповских*);

12 сәуір – РФ Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы *В.И.Матвиенкомен* кездесу (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Шәкіров, Н. Жүсіп, С.Алдашев, О.Булавкина, С.Карплюк, А.Арғынбекова, Г.Шиповских*);

13 сәуір – РФ Мемлекеттік Думасының Төрағасы **В.В. Володинмен** кездесу (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, А.Шәкіров, Н.Жүсіп, С.Алдашев, О.Булавкина, С.Карплюк, А.Арғынбекова, Г.Шиповских*);

13 сәуір – Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің төрағасы **Н.Шакиевпен** кездесу (Санкт-Петербург, РФ) (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Иосиф, С.Алдашев, А.Арғынбекова*);

14 сәуір – Армения Ұлттық жиналысының Төрағасы **А.Р.Симонянмен** кездесу (Санкт-Петербург, РФ) (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Г.Шиповских, О.Булавкина*);

14 сәуір – Әзірбайжан Республикасы Милли Меджлисінің Төрағасы **С.А.Гафаровамен** кездесу (Санкт-Петербург, РФ) (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, Г.Сарыбаев, Ж.Асанова, А.Қапбарова*);

28 сәуір – Корея Мемлекетінің Қазақстандағы Елшісі Ку Хонг-сокпен кездесу (*А.Шәкіров*);

10 мамыр – мүгедек адамдарды жұмыспен қамту үшін жағдай жасау бойынша БҰҰ дөңгелек үстелі (Душанбе қ., Тәжікстан) (*Л.Қалтаева*);

15-17 мамыр – «Орталық Азиядағы қауіпсіздікті, тұрақтылықты және диалогты күшейтудегі бейтарап мемлекеттердің рөлі» халықаралық конференциясына қатысу (Ашхабад қ., Түрікменстан) (*А. Шәкіров*);

16 мамыр – мемлекет қайраткері Г.Әлиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған Әзірбайжан Милли Мәжілісінің арнайы отырысына қатысу (Баку қ., Әзірбайжан) (*Н. Жүсіп*);

20-25 мамыр – Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ассамблеясы (Женева қ., Швейцария) (*А.Әлназарова*);

21-23 мамыр – «Жасыл экономика, өзара байланыс және орнықты даму арқылы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтудағы ұлттық парламенттердің рөлі» халықаралық конференциясына қатысу (Баку қ., Әзірбайжан) (*А.Шәкіров*);

23 мамыр – Қырғызстан Мемлекетінің Қазақстандағы Елшісі Д.Дюшекеевпен кездесу (*М. Споткай*);

25 мамыр – Қазақстан-Грузия достық тобының депутаттарымен кездесуі (*О.Перепечина*);

25-26 мамыр – X Невский Халықаралық экологиялық конгресі (Санкт-Петербург, РФ) (*А.Әлназарова*);

29 мамыр – БҰҰ делегациясымен кездесу (*А.Шәкіров*);

1 маусым – БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) Қазақстандағы Тұрақты Өкілі К.Вавьерниамен кездесу (*Л.Қалтаева, А.Арғынбекова*);

3-5 маусым – М.Әшімбаевтың Мысыр Араб Республикасына жұмыс сапары (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, Б.Жексенбай*);

4 маусым – Әл-Азхардың Бас имамы шейх Ахмед ат-Тайебпен кездесу (Каир қ.) (*М. Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, Б.Жексенбай*);

4 маусым – Мысыр Парламенті Сенатының Төрағасы А.Абдель Разекпен кездесу (Каир) (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, Б. Жексенбай*);

4 маусым – Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу (Каир қ.) (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, Б.Жексенбай*);

5-6 маусым – М.Әшімбаевтың Израиль мемлекетіне ресми сапары (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, Б.Жексенбай*);

6 маусым – қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топқа (ЕАТ) мүше мемлекеттер Парламентшілерінің II форумы (Алматы қ.) (*О.Перепечина, С.Мәкежанов*);

7 маусым – ЕҚЫҰ Бас Хатшысы Хельга Мария Шмидтпен кездесу (*М.Әшімбаев, А.Шәкіров, А.Әлназарова*);

7 маусым – ЕҚЫҰ Бас Хатшысы Хельга Мария Шмидтпен асқа қатысу (Ж.Асанов, А.Шәкіров);

8 маусым – ЕҚЫҰ ПА Төрағасы М.Седерфельтпен кездесу (*М.Әшімбаев*);

9 маусым – Астана халықаралық форумына қатысу (М.Әшімбаев);

10 маусым – Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы **Мұхаммед Әбделсаламмен** кездесу (*М.Әшімбаев*);

13 маусым – Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Елшісі А.А.Джоукармен кездесу (*М.Әшімбаев*);

15-16 маусым – Алматы қаласындағы CAMCA-2023 өңірлік форумына қатысу (*А.Шәкіров*);

16 маусым – Сауд Арабия патшалығының Қазақстандағы Елшісі Ф.К.Әл-Кахтанимен кездесу (*М.Әшімбаев*);

19 маусым – Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Т.Нарбаевамен кездесу (*М.Әшімбаев, А.Шәкіров, А.Әлназарова*)

19 маусым – Жапония Мемлекетінің Қазақстандағы Елшісі Дж.Ямадамен кездесу (*А.Шәкіров*);

23 маусым – Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хургал делегациясымен кездесу (*Ж.Асанов*);

26-27 маусым – Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы **Н.Т.Шакиевтің** Қазақстан Республикасына ресми сапары;

26 маусым – Қырғыз Республикасының Жогорку Кенешінің Төрағасы **Н.Т.Шакиевпен** кездесу;

26 маусым – Ұлыбританияның Қазақстандағы Елшісі К.Личтің Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының әйел депутаттарымен кездесуі (*О.Перепечина, О.Булавкина, А.Әлназарова, Л.Қалтаева, А.Қапбарова, А.Арғынбекова, Н.Ниязова, Б.Жексенбай, Ж.Асанова, Л.Рысбекова*);

29 маусым – Арменияның Қазақстандағы Елшісі А.Гевондянмен кездесу (*Ж.Асанов*);

5 шілде – Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасының төрағасы, Жапония Либералдық - демократиялық партиясының мүшесі Т.Эндомен кездесу *(М.Әшімбаев).*

парламентаралық ынтымақтастық:

29 наурыз – ҰҚШҰ ПА Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысына қатысу *(онлайн, С.Ершов);*

5 сәуір – ЕҚЫҰ ПА «Болашақ ұрпақ туралы диалог» онлайн вебинарына қатысу (*А.Шәкіров*);

13 сәуір – ТМД ПАА Кеңесінің отырысына қатысу (Санкт-Петербург, РФ) (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, С.Алдашев, А.Арғынбекова*);

14 сәуір – ТМД ПАА 55-ші пленарлық отырысына қатысу (Санкт-Петербург, РФ) (*М.Әшімбаев, Ж.Асанов, Н.Жүсіп, С.Алдашев, Г.Сарыбаев, Ж.Асанова, А.Арғынбекова, Г.Шиповских, О.Булавкина*);

23-24 сәуір – ЕҚЫҰ ПА Бюросының отырысына қатысу (Копенгаген қ., Дания) (*А.Шәкіров*);

27-28 сәуір – ТүркПА пленарлық отырысы (Анкара қ., Түркия Республикасы) (*Б.Жексенбай*);

28-30 сәуір – ТүркПА миссиясының референдумдағы байқаушыларының мониторингіне қатысу (Ташкент қ., Өзбекстан Республикасы) (*Б.Орынбасаров*);

13-19 мамыр – халықаралық сауда бойынша парламенттік семинарға қатысу (Сингапур) (*О.Перепечина*);

16 мамыр – М.Әшімбаевтың Бельгия Парламентінің Бельгия-Орталық Азия достық тобының депутаттарымен кездесу (*М.Әшімбаев*);

17-18 мамыр – ҰҚШҰ ПА Кеңесіне қатысу (Минск қ., Беларусь Республикасы) (*А.Лукин*);

18-19 мамыр – «Санкт-Петербург – достастықтың парламенттік астанасы» халықаралық форумы» (*Т.Жүнісов*);

18-19 мамыр – ТМД ПАА Экономика және қаржы жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы (*онлайн, Г.Нұрмұхамедов*);

18-19 мамыр – ТМД ПАА Құқықтық мәселелер жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы (*онлайн, Н.Бекназаров*);

18-19 мамыр – ТМД ПАА Мәдениет, ақпарат, туризм және спорт жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы (*онлайн, А.Қапбарова*);

24-26 мамыр – ТМД ПАА Мемлекеттік құрылыс және жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесін зерделеу жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы (*онлайн, С.Мәкежанов*);

24-26 мамыр – ТМД ПАА Аграрлық саясат, табиғи ресурстар және экология жөніндегі Тұрақты комиссиясының отырысы (*онлайн, О.Булавкина)*;

20 маусым – ҰҚШҰ ПА-ның ЕҚЫҰ ПА жазғы сессиясы қарсаңында өткізілетін кездесуіне қатысу (*В.Рогалев*);

23-24 маусым – ТМД ПАА Тұрақты бақылау-бюджет комиссиясының отырысы *(онлайн, С.Карплюк).*

сайлауларды бақылау:

11-15 мамыр – ТүркПА бақылаушылар миссиясы құрамында Президенттік және Парламенттік сайлаудың мониторингіне қатысу (Анкара қ., Түркия Республикасы) *(Б.Орынбеков);*

11-15 мамыр – Түркиядағы Президенттік және Парламенттік сайлауды бақылау бойынша ЕҚЫҰ ПА бақылау миссиясының құрамына қатысу (Анкара қ., Түркия Республикасы) (*С.Дүйсембинов*);

9 шілде – Өзбекстан Президентінің сайлауын бақылау (*Ж.Асанов, А.Шәкіров, А.Сатвалдиев*).

VII. АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ ЕТІЛУІ

ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының VIII шақырылымдағы I сессия барысындағы 2023 жылғы 29 наурыз бен 2023 жылғы 22 маусым аралығындағы кезеңдегі жұмысы туралы халықты хабардар ету және Палатаның қызметін жариялау жөніндегі сапалы жұмыс жүргізуде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу Палата қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болды.

Бүгінгі таңда Сенатта **55** БАҚ-тан **483** журналист тіркелді. Палата Төрағасының бастамасы бойынша Палата отырысында қаралатын мәселелер бойынша негізгі баяндама жасаған сенаторлар мен мемлекеттік органдардың өкілдеріне апта сайынғы БАҚ-қа арналған брифингке міндетті түрде қатысу туралы ереже енгізілді. Осылайша, журналистер Сенат қабырғасында өздерін қызықтырған сұрақтарын қоюға және билік өкілдерінен бірінші кезекте жауап алуға мүмкіндік алды. Сессия басталғаннан бері жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде БАҚ-қа арналған осындай **23** брифинг ұйымдастырылды, оған сенаторлар мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Палатаның барлық негізгі шаралары бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болды. Сенаттың жалпы отырыстары, Сенат комитеттерінің көшпелі және кеңейтілген отырыстары, дөңгелек үстелдер мен мемлекеттік органдардың басшыларымен кездесулері БАҚ пен әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланып, талқыға салынды.

Сенат Төрағасының Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Т.Нарбаевамен, Израильдің Қазақстандағы елшісі Э. Глусманмен, Индонезия Ұлттық консультативтік конгресі Өңірлер өкілдері кеңесі Төрағасының орынбасары Н.Сампономен, ЕҚЫҰ ПА Төрағасы М.Седерфельтпен, Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен, Иранның Қазақстандағы Елшісі **Әли Акбар Джоукармен**, Сауд Арабиясының Қазақстандағы Елшісі **Файсал бен Ханиф Әл-Кахтанимен** кездесулері мен келіссөздері және Сенат депутаттарының Алжирдің, Иордания, Корея, Қырғызстан, Грузия, Жапония саясаткерлерімен және дипкорпусымен, БҰҰ делегациясымен кездесулері бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Ресей Федерациясына ресми сапары республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жан-жақты жария етілді. Онда Мәскеу қаласында Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы В.Матвиенкомен және Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының Төрағасы В.Володинмен екіжақты кездесулері өтті. Сенат Төрағасы Мәскеудегі жұмыс сапары барысында Ресей жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандық студенттермен де кездесті, Абай ескерткішіне гүл қойды. М.Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламенті Сенатының

делегациясы Мәскеудегі Собор мешітінде болып, оның басшылығымен қазіргі қоғамда рухани-адамгершілік биік құндылықтарды ілгерілету мәселелеріндегі діни көшбасшылардың рөлін талқылады.

М.Әшімбаев Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Санкт-Петербург қаласында болып, ТМД ПАА-ның 55-ші отырысына қатысты. ТМД ПАА-ның шаралары аясындағы Санкт-Петербургті отырыста Ұйымға қатысушы елдердегі Парламенттер Палаталарының басшыларымен де кездесті, оның ішінде Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Н.Шакиевпен, Әзербайжан Республикасы Милли Мәжілісінің Төрайымы С.Гафаровамен, Армения Республикасы Ұлттық Жиналысының Төрағасы А.Симонянмен кездесті.

Сенат Төрағасы Мысырға жұмыс сапары барысында әл-Азхардың жоғарғы имамы, шейх доктор Ахмед ат-Тайебпен (Каир), Мысыр Парламенті Сенатының Төрағасы Абдель Разекпен (Каир) кездесті. Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты. М.Әшімбаев Израиль Мемлекетіне жұмыс сапары барысында Кнессет Спикері Әмір Оханмен кездесті.

Сондай-ақ Сенат Төрағасының Алматы және Қарағанды облыстары мәслихаттарының депутаттарымен кездесулері, **Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің** және **Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының отырысына**, МҚІА ғылыми-практикалық конференциясына, Республикалық бочча чемпионатының ашылу салтанатына және т.б. шараларға қатысуы да кеңінен жария етілді.

Сессия барысында республикалық телеарналардың эфирінде Сенаттың қызметі туралы айтылған **366** сюжет болды. Ақпараттық агенттіктер мен басылымдық БАҚ сайттарында **4 560** мақала жарияланды. Жаңалықтар хабарынан басқа, БАҚ-та тұрақты негізде апта сайынғы қорытынды жаңалықтарда, шолу және талдау материалдары, сенаторлардың сұхбаттары мен авторлық мақалалары, сондай-ақ депутаттық корпустың қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар тұрақты түрде шығып келеді.

Сессия барысында «Хабар 24» телеарнасының эфирінде ҚР Парламенті Сенатының қызметі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға мамандanған «Сенат сөзі» және «Время Сената» бағдарламалары апта сайын шықты. Есепті кезеңде бағдарламаның **26** шығарылымы эфирден көрсетілді, оған **22** сенатор қатысты.

Сенаттың VIII шақырылымдағы I сессия барысындағы ең маңызды іс-шаралары Палатаның ресми интернет-сайтында және Youtube-арнасында онлайн түрінде көрсетілді. Сессия басталғаннан бері осындай **25** онлайн-трансляция болды. Олардың барлығы да сақталып тұр және Палатаның интернет-сайты мен Youtube-арнасында көруге болады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII шақырылымның I сессиясының ашылуында айтқан тапсырмасы бойынша Сенат отырыстары республикалық «Хабар 24» телеарнасының тікелей эфирінде көрсетіліп келеді. Есепті кезеңде осындай 7 трансляция болды. Тікелей эфир барысында сенаторлар көтерген тақырыптарды арна студиясының сарапшылары белсенді талқылады. Арна бағдарламаларына сарапшылар – Парламентаризм институтының атқарушы директоры Жанар Төлендинова, Ұлттық әлеуметтік кәсіби қызметкерлер альянсының атқарушы директоры Динара Есімова, ЕҰУ профессоры, заң ғылымдарының докторы Марат Сәрсенбаев, Жасұлан Майлыбай – мемлекеттік басқару магистрі, Жас сарапшылар клубының мүшелері Айбек Жұбатхан, Айнұр Әмірбекова және басқалар қатысты.

Мұндай ашықтық сол нақты уақыттағы заң жобаларының қаралу барысын қалың жұртшылық өкілдеріне көруге мүмкіндік береді.

Палатаның қызметі туралы ресми ақпараттың маңызды көзі **www.senate.parlam.kz** ресми сайты болып қала береді. Сенат депутаттарының қатысуымен өтетін негізгі шаралар туралы ақпарат сайтта фото және бейне материалдармен қоса жедел жарияланады. Осылайша, I сессия барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде **428** жаңалық жарияланды.

Сенаттың қызметі туралы материалдар Facebook, Twitter, Instagram, YouTube және TikTok әлеуметтік желілеріндегі Сенаттың ресми парақтарына да орналастырылды. Ел назары ауған өзекті мәселелерді белсенді талқылаған және әлеуметтік желілердегі парақтарында көтеретін бірқатар сенаторлар да осы алаңдарды белсенді пайдаланып келеді. Қазіргі уақытта ҚР Парламенті Сенатының ресми парақтарында Instagram (**47 900** жазылушы), Twitter (**22 200** жазылушы), Facebook (**10 000** жазылушы), Телеграмм (**804** жазылушы), YouTube (**5 420** адам) және TikTok (**32 500** жазылушы) желілерінде жазылушы бар.

ШЫҒАРУШЫ:

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Аппараты

***

МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНҒАН:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының құрылымдық бөлімшелері